

АСИЛОВА А.С.

ИНВЕСТИЦИЯ НЕГІЗДЕРІ

Оқулық

Алматы, 2019

ӘОЖ: 336.71 (075.8)

КБЖ 65.262.1я73

А 88

Әл Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің Ғылыми кеңесімен бекітілген (хаттама № 10, 24.05.2018 ж.)

Рецензенттер: **Адамбекова А.А.** – «Нархоз» университеті» АҚ, Қаржы және технологиялар мектебінің деканы, экономика ғылымдарының докторы, профессор

Дауылбаев К.Б. – Қонаев атындағы Евразиялық заң академиясы, «Экономикалық және жалпы білім беру» кафедрасының меңгерушісі, экономика ғылымдарының докторы, профессор

Жоламанова М.Т. – әл Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, «Қаржы» кафедрасының экономика ғылымдарының кандидаты, доцент

А 88 **Асилова А.С.**

Инвестиция негіздері: Оқулық / А.С. Асилова. – Алматы: «Master Print» баспасы, 2019..

ISBN 978-601-225-284-2

Оқулықта инвестиция түсінігі, инвестициялық қызмет, еліміздің инвестициялық саясаты мен климаты, оны заңнамалық қамтамасыз ету, қаржыландыру көздері, инвестициялық жоба және оны талдау мен бақылау, нақты және қаржылық портфельдерді инвестициялау қарастырылады.

Танымдық мазмұны бар бұл оқулық экономикалық жоғары оқу орындарының студенттері мен оқытушыларына арналған.

ӘОЖ: 336.71 (075.8)

КБЖ 65.262.1я73

ISBN 978-601-225-284-2

© Асилова А.С., 2019

©әл- Фараби атындағы ҚазҰУ, 2019

КІРІСПЕ

Қазіргі кезде Қазақстанда жүзеге асырылып жатқан инвестициялық үдеріс мемлекеттік-экономикалық дамуымыздың негізгі алғышартына айналып, еліміздегі реформаларды табысты іске асырудың нақты көзі болып отыр. Инвестиция кез келген ұлттық экономиканың маңызды және қажетті қоры болып саналады. Инвестициялық жобаларды іске асыру өндірісті жетілдіріп, сатылатын тауарлардың сапасын арттыру, сондай-ақ жұмыс орындарын көбейте отырып, тұрғындарды еңбекпен қамтамасыз етуге, сол арқылы халқымыздың өмір сүру деңгейінің өсуіне мүмкіндік береді. Сондай-ақ, елімізде жүргізіліп жатқан инвестициялық үдерісті экономикалық пайда келтіретін және әлеуметтік саланың өркендеуіне жағдай жасайтын қызмет деп қарастыруымыз қажет. Осыған орай инвестициялық қызметті жүзеге асыруда оның тиімділігіне экономикалық шаралармен бірдей әсер ететін әлеуметтік шараларды ерекшеленудің маңызы зор.

Орталықтандырылған жоспарлы жүйе шеңберінде тек бір ғана түсінік «капитал салымдары» деген ұғым болатын. Ол негізгі қорларды қалпына келтіру шығындарын, сондай-ақ жөндеу жұмыстарына кеткен шығындарды қамтыған. «Инвестиция» еліміздің нарықтық экономикаға өтуімен байланысты енген термин болып табылады. Біздің еліміз нарықтық экономикаға өткеннен кейін бұл термин экономиканың ажырамас бөлігіне айналды. Экономикалық тұтқалардың қалыпты жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін мемлекет экономикасының дамуындағы инвестицияның маңыздылығын ескере отырып жоғары оқу орындарының стандарттарына сәйкес «Инвестицияны қаржыландыру және несиелеу» деген ғылыми пән енгізілген болатын.

Бұл оқулықтың мақсаты оқырмандарды инвестиция негіздерімен таныстыру, сонымен қатар инвестиция аясындағы тәжірибелік және ғылыми білімділікпен қамтамасыз ету. Қойылған мақсатқа жету үшін келесідей міндеттерді жүзеге асыру қажет:

- экономикалық категория ретінде инвестицияның мәнін ашу;

- *олардың қызметін макро және микро деңгейде зерттеу;*
- *инвестицияның жіктелінуін және құрылымын анықтау;*
- *капитал салымдарының қаржыландыру көздерін және олардың ішінде ең арзаны мен сенімділігі жоғарыларын таңдау әдістерін ашу;*
- *капитал салымдарының экономикалық негізгі идеясының әдістемесін зерттеу;*
- *кәсіпорындағы оңтайлы инвестициялық портфельдің қалыптасуын зерттеу;*
- *инвестициялық тәуекелдерді бағалау және алдын алу немесе төмендету жолдарын анықтау.*

Оқулықты жоғары оқу орындарының оқу үдерісінде экономикалық бағдардағы мамандарды дайындауда қолдануға болады. Сонымен қатар, бұл оқулық жоғары оқу орындарында оқытылатын «Экономикалық теория», «Қаржы», «Ақша, несие, банктер», «Қаржы менеджменті», «Бағалы қағаздар нарығы», «Биржа ісі», «Жобаларды талдау» және «Бағалы қағаздар портфельін басқару» «Инвестицияны қаржыландыру және несиелеу» пәндерімен тығыз байланысты.

«Инвестиция негіздері» оқулығы экономикалық профильдегі біліктілігі жоғары мамандарды қалыптастыруда, болашақ мамандарға инвестициялық үдерісті ұйымдастыру мен жүзеге асыруды, сондай-ақ оның қаржылық-несиелік қамтамасыз ету аясында кәсіби білімді берудегі мақсатты теориялық және тәжірибелік бағытталуын қамтиды.

Оқулықта инвестиция түсінігі, оның типтері, белгілері, инвестициялық қызмет, инвестициялық саясат, инвестициялық саясат және оны заңнамалық қамтамасыз ету, инвестицияны қаржыландыру көздері, инвестициялық жоба және оны талдау мен бақылау, нақты және қаржылық портфельді инвестициялау қарастырылады. Сондай-ақ оқулықта қамтылған материалдар қазіргі уақыттағы инвестициялық қызметті тиімді жүргізудің әдістемелерін терең игеруге көмектеседі. Қарастырылған мәселелердің көбісін толық меңгеру оқырманның экономикалық теория және халықаралық экономикалық қатынастар бойынша нақты білімдерінің болуын қажет етеді.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе.....

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ ЖӘНЕ НЕСИЕЛЕУ

- 1. ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІ ҚАРЖЫЛАН-
ДЫРУ КӨЗДЕРІ МЕН ӘДІСТЕРІ**
 - 1.1 Инвестициялық қызметті қаржыландыру жүйесі-
нің жалпы сипаттамасы.....
 - 1.2 Кәсіпорындардың инвестициялық қызметін өзін-
өзі қаржыландыру әдісі.....
 - 1.3 Кәсіпорынның инвестициялық қызметін қаржы-
ландырудың бюджеттік әдісі.....
 - 1.4 Инвестицияны қаржыландырудың несиелеу әдісі...
 - 1.5 Инвестицияны қаржыландырудың акционерлеу
әдісі.....
 - 1.6 Инвестицияларды қаржыландырудың шетелдік
әдісі.....
- 2. ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ БАНКТІК НЕСИЕЛЕУ –
ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАРДЫ ҚАРЖЫЛАН-
ДЫРУ ӘДІСІ РЕТІНДЕ**
 - 2.1 Инвестицияны қаржыландыруға арналған несие-
лердің ерекше формалары.....
 - 2.2 Факторингтік және форфейтингтік операциялар.....

- 2.3 Вексельдік несиелеу – қысқа мерзімді несиелеу ретінде.....
- 3. **ЛИЗИНГ – ИНВЕСТИЦИЯНЫ ОРТА МЕРЗІМДІ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ ӘДІСІ РЕТІНДЕ**
 - 3.1 Лизингтің пайда болу тарихы және лизингтің негізгі түсініктері.....
 - 3.2 Лизингтің түрлері мен жіктелінуі.....
 - 3.3 Лизингтің артықшылықтары мен кемшіліктері.....
- 4. **ИПОТЕКАЛЫҚ НЕСИЕЛЕУ – ИНВЕСТИЦИЯНЫ ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ ӘДІСІ РЕТІНДЕ**
 - 4.1 Ипотекалық несие түсінігі және оның Қазақстанда дамуы.....
 - 4.2 Ипотекалық несиенің ерекшеліктері және айрықша белгілері.....
 - 4.3 Қазақстандағы ипотекалық несиелеу жинақтарының жүйесі.....
 - 4.4 Қазақстандағы ипотекалық несиелеудің қазіргі жағдайы.....
- Глоссарий.....**
- Қысқартылған сөздер.....**
- Қолданылған әдебиеттер тізімі.....**

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ ЖӘНЕ НЕСИЕЛЕУ

1. ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ КӨЗДЕРІ МЕН ӘДІСТЕРІ

1.1 ||| Инвестициялық қызметті қаржыландыру жүйесінің жалпы сипаттамасы

Біздің республикамыздағы экономикалық жағдай инвестицияны қаржыландыру көздерінің әлі де қажет болуымен сипатталады. Инвестицияны қаржыландыру көздерінің болуы экономикалық тұрақтылыққа және оның ары қарай өсуіне жағдай жасайды. Сондықтан да бұл мәселелер инвестициялық қызметте маңызды орын алады. Жалпы инвестицияны қаржыландыру жүйесі екі құрылымдық элементтен тұрады:

біріншісі, қаржыландыру көздері;

екіншісі, қаржыландыру әдістері.

Инвестицияны қаржыландыру көздері өздеріне тән белгілеріне, *меншік қатынастарына және меншік иелерінің деңгейіне байланысты* жіктелінеді:

1. *Меншік қатынасына байланысты* үшке бөлінеді

- меншікті қаражаттар көздері есебінен қаржыландыру, ол өзін-өзі қаржыландыру әдісіне жатады, сондай-ақ, оған амортизациялық аударымдар жатқызылады;

- тартылған қаражаттар көздері есебінен қаржыландыру, оған жарғылық капиталға қосқан жарналар, акциялар мен облигацияларды сатудан түскен түсімдер жатады;
- займдық қаражаттар көздері есебінен қаржыландыру, оған барлық банктік несиелер, қаржылық институттардың несиелері, коммерциялық несиелер және тағы басқалар жатқызылады.

2. *Меншік иелерінің деңгейіне байланысты* төртке бөлінеді

- мемлекеттік бюджеттің қаражаттары есебінен қаржыландыру, яғни қайтарылатын жағдайда мемлекеттің несие беруі, ал қайтарылмайтын жағдайда бюджеттік ассигновациялар беру;
- әр түрлі әлеуметтік қорлардың қаражаттары есебінен қаржыландыру;
- шаруашылық жүргізуші субъектілерінің есебінен қаржыландыру;
- шетелдік инвесторлардың қаражаттары есебінен қаржыландыру.

Қаржыландыру көздерінің жүйелік жіктелінуі ең алдымен макродеңгей (ұлттық экономика) және микродеңгейге (кәсіпорын) бөлінеді. Макродеңгей ұлттық экономика бойынша, микродеңгей кәсіпорындар бойынша қарастырылады.

Макродеңгейдегі қаржыландыру көздерінің жиынтығы ішкі және сыртқы көздерден кіргізілетін жалпы ұлттық қорды құрайды. Инвестицияны қаржыландырудың ұлттық көздері орталықтандырылған және орталықтандырылмаған қаржы бөлулерден тұрады.

Орталықтандырылған қаржы;

- мемлекеттің бюджеттік қаражаттары;
- мемлекеттік емес бюджеттік қорлар;
- бюджеттен тыс қорлар.

Орталықтандырылмаған қаржы:

- фирмалардың және мемлекеттің коммерциялық емес ұйымдарының жинақтары;
- жеке тұлғалардың (резиденттердің) жинақтары.

Микродеңгейдегі қаржыландырудың жалпы ұлттық қоры арнайы кәсіпорындардың қорлары пайда болатын капиталдық құрылыс және капиталдық жөндеуді қаржыландыру көздерінен тұрады.

Микродеңгейде, яғни әртүрлі меншік формасындағы кәсіпорындар жүзеге асыратын қаржыландыру көздерінің әртүрлі жіктелінулері бар. Олар келесілерге тәуелді жүйеленеді:

- инвестициялық үдерістің қатысушыларына;
- кәсіпорындардың ұйымдастырушылық-құқықтық формасына;
- кәсіпорынның капиталына;
- жинақтардың масштабтары мен динамикасына;
- нормативтік-құқықтық актілерге.

Қаржыландырудың әрбір көзіне өзінің өсу факторлары, капитал жұмсалымдарын тартудың және инвестициялық қызметті басқарудың әдістері де жатқызылады.

Капитал жұмсалымдарының түріне инвестицияланатын қаражаттардың өзіндік көздері *капитал* (жарғылық, қосылған, резервтік) және *пайда* есебінен құрылады. Өзіндік қаражаттар жеткіліксіз болғанда тартылған қаражаттарды пайдаланады.

Кәсіпорынның тартатын қаражаттары өзіне келесі ресурстарды қосады:

- 1) қаржылық нарықта мобилизацияланатын (банктер және басқа несиелік мекемелердің несиелері, барлық деңгейдегі бюджеттердің несиелері, облигациялық заемдар, акцияларды сатудан алынатын қаражаттар);
- 2) қайта бөлу тәртібінде түсетін (сақтандыру төлемі, пай бойынша құрылатын қаржылық ресурстар, еңбек ұжымы мүшелерінің, заңды және жеке тұлғалардың жарналары, концерндердің, ассоциациялардың және кәсіпорындардың басқа бірлестіктерінен түсетін орталықтандырылатын қаржылық ресурстар, орталықтандырылған бюджеттік және бюджеттен тыс қаржы бөлулер).

Қазақстандық кәсіпорындардың қаржыландыру көзі ретінде пайданың көлемін жоғарылататын ерекше жаңа фактор инвестициялық салықтық несие болып табылады.

Инвестицияны қаржыландыру үшін капиталдың және пайданың қосымша көлемі қайтарымды сомалар есебінен шаруашылық қызметтің тиімділігін көтеру, ұқсас өнімді өткізуден түсетін түсім, жүзеге асырылатын жұмыстардың өзіндік құнын төмендетудегі үнемдеу, капиталдық құрылыстың ішінде мобилизацияланатын айналым құралдарын және басқа ресурстарды үнемдеу, инфляциялық табыстың түсуі үдерісінде алынуы мүмкін.

Инвестицияны қаржыландыру әдістері өзін-өзі қаржыландыру әдісі, бюджеттік қаржыландыру әдісі, несиелеу әдісі, акционерлеу әдісі және шетелдік инвестицияны тарту әдісі болып бірнеше топқа бөлінеді. Әдістердің әрбірі қаржыландырудағы қызметтеріне байланысты әр түрлі болып ерекшеленеді.

1.2 ||| Кәсіпорындардың инвестициялық қызметін өзін-өзі қаржыландыру әдісі

Әрбір кәсіпорын өзін-өзі қаржыландыруға ұмтылады, себебі, бұл әдістің басқа әдістерге қарағанда бірнеше артықшылығы бар:

- өзін-өзі қаржыландыратын кәсіпорын бұл оның өзінің қаржылық жағдайының тұрақтылығын білдіреді;
- өзін-өзі қаржыландыратын кәсіпорынның басқа кәсіпорындарға қарағанда беделі жоғары болады;
- өзін-өзі қаржыландыратын кәсіпорынның банкротқа ұшырау қаупі төмен болады.

Өзін-өзі қаржыландыру әдісі негізгі қорлардың *амортизация* және *таза пайда көздері* есебінен қалыптасады.

Амортизациялық аударымдар кәсіпорынды қаржыландырудың негізгі көзі болып табылады. *Амортизация* – өндірістік қорлардың қызмет ету мерзімі бойынша оның құнын дайын өнімге аудару үдерісі болып табылады. Амортизациялық аударымдар жай өндірісті ғана емес, сонымен қатар ұдайы өндіріс үдерісін

камтамасыз етеді. Дамыған мемлекеттерде амортизациялық аударымдар кәсіпорын қажеттілігінің 70-80%-ке жуығын жабады.

Амортизациялық аударымдардың үш *функциясы* бар:

- негізгі қорлардың тозған бөлігін бағалайды;
- дайын өнім құнына негізгі қорлардың шығындарын бөледі;
- қаржылық ресурстарды жинақтайды.

Сонымен қатар, амортизациялық аударымдардың көлемі келесі *факторларға* байланысты:

- кәсіпорындағы негізгі қорлардың орташа жылдық құнына;
- негізгі қорлардың қайта бағалануына;
- амортизациялық аударымдарды есептеу әдістеріне байланысты.

Нарықтық жағдайда кәсіпорынның негізгі мақсаты максималды пайда табу. Пайда кәсіпорын қызметінің қаржылық нәтижесін білдіреді. Салықты және басқа да міндетті төлемдерді төлегеннен кейін кәсіпорында таза пайда қалады. Кәсіпорынның таза пайдасы өндірістік немесе әлеуметтік мақсаттарға жұмсалыуы мүмкін. Пайданы тиімді қолдану үшін кәсіпорынның техникалық жағдайына, ұжымның әлеуметтік жағдайына және кәсіпорынның даму болашағына талдау жүргізілуі қажет.

Дүниежүзілік тәжірибеде өзін-өзі қаржыландыру деңгейі оның әлеуетті деп саналатын барлық инвестицияланған қаражаттарының 60%-інен кем болмайды, ол келесідей есептеледі:

$$КС = (мқ / и) * 100\%,$$

мұнда:

КС – өзін-өзі қаржыландыру коэффициенті;

мқ – меншікті қаражаттар;

и – инвестициялар.

Меншікті қаражат көздеріне пайда және амортизациялық аударымдар жатады. *Пайда* – кәсіпорынның таза табысының бір бөлігі. Пайда кәсіпорынның өндірістік қызметінің нәтижесі және ол келесідей есептеледі:

$$Пт = Пб - П,$$

мұнда:

Пт – таза пайда;

Пб – баланстық пайда;

П – бюджеттік төлемдер.

Пайданы үлестіру экономикалық және әлеуметтік жағынан негізделуі қажет және де бірінші кезектегі міндеттерге ғана емес, сонымен қатар өндірісті қайта құруға, кеңейтуге бағытталған инвестицияларды қаржыландыру көздері ретінде қолданылуы тиіс.

Амортизация – негізгі өндірістік қорлардың құнын жаңадан шығарылған өнімдерге аудару үдерісі.

Негізгі құралдың тозу үдерісінде амортизациялық аударымдар есептелінеді.

Амортизациялық аударымдар – негізгі қорлардың өтелу мақсатында белгілі нормативтер бойынша жүзеге асырылатын аударымдар.

Амортизациялық аударымдар келесі формула бойынша есептеледі:

$$Аа = Бс * А,$$

мұнда:

Аа – амортизациялық аударымдар;

Бс – негізгі өндірістік қорлардың баланстық құны;

А – амортизациялық аударымдардың нормативі.

Амортизациялық аударымдардың пайдадан артықшылығы – олардың өндірісті қайта құруға, кеңейтуге міндетті түрде бағытталуында, яғни инвестициялық қызметті қаржыландырудың көзі ретінде қолданылуында. Ал, кәсіпорын пайданы ерікті түрде өндіріске жұмсай алады.

1.3

Кәсіпорынның инвестициялық қызметін қаржыландырудың бюджеттік әдісі

Мемлекеттік капитал жұмсалымдары мемлекеттік функцияларды (экономикалық, әлеуметтік, құқық қорғау, қауіпсіздік) атқару үдерісімен қатар жүреді. Капитал жұмсалымдары арқылы мемлекет халық шаруашылығы кешенінің тиімділігін көтеру, жеке салалар мен аймақтарды дамыту және біртұтас экономикалық кеңістікті сақтау бойынша мәселелерді шешеді. Мемлекеттік инвестицияларды алушыларға *біріншіден*, мемлекет меншігіндегі кәсіпорындар, *екіншіден*, мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асыруға қатысатын заңды тұлғалар жатады.

Бюджеттік қаржыландыру – қаражат алушылардың бәріне олардың бюджетте бекітілген іс-шараларды жүзеге асыруына жұмсалатын шығысты толық немесе ішінара өтеу үшін заңнамада белгіленген тәртіппен бюджеттен қаражат беру, яғни кәсіпорындарға (мекемелерге, ұйымдарға) олардың қызметін жүзеге асыру және дамыту үшін берілетін бюджет қаражаты. Мысалы, салынып жатқан мемлекеттік объектілердің негізгі және айналым қорларына салынатын қаражат мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылуы мүмкін.

Өндірістік емес саланың көптеген ұйымдары мен мекемелері де (оқу орындары, ауруханалар, т.б.) бюджеттен қаржыландырылады. Бюджеттік қаржыландыру белгіленген қағидаға сәйкес бюджеттен қаражат берудің арнаулы формалары мен әдістерін пайдалану жолымен жүзеге асырылады. Бюджеттік қаржыландыру барысында қаражаттың мақсатқа сай, үнемді, тиімді жұмсалуына мемлекеттік қаржылық бақылау жасалады. Бюджеттік қаржыландыру әдісі бюджеттен қаржы алушылардың бәріне қатысты. Бюджет қаржысын кәсіпорындарға, ұйымдарға, мекемелерге олардың ұйымдық-құқықтық формасына және шаруашылықты жүргізу әдісіне қарай беру тәртібін айқындайтын жалпы және жеке түрлері бар.

Бюджеттік қаржыландыру әдісінің үш *қағидасы* бар:

- аз шығынды жұмсап, жоғары әлеуметтік-экономикалық тиімділікке қол жеткізу;

- бюджеттік ресурстарды пайдаланудың мақсаттық сипатын қарастыру;
- белгіленген жоспарды уақытында орындау.

Бұл қағидаларға жеке-жеке тоқталып өтуге болады.

- 1) Экономикалық тиімділіктің нәтижесі ретінде мемлекет үшін ЖҰӨ-нің өсімі, кәсіпорын үшін пайданың өсу мөлшері, ал халық үшін пәтер құнының төмендеуі және әлеуметтік сипаттағы әр түрлі қызметтер бағасының төмендеу мөлшері жатады. Егер қаржыландыруды жүзеге асыру көрсетілген макроэкономикалық көрсеткіштердің жоғарлауына әкелмесе, онда оның орындалуына мемлекеттің қызығушылығы болмайды.
- 2) Бюджеттік ресурстарды пайдаланудың мақсаты нақты құрылыс пен субъектілерді қаржыландыру тек жылдық бюджетті бекіткеннен кейін ғана орындалады, сондықтан да ресурстарды жұмсау алдын ала анықталған бағытта жүргізіледі.
- 3) Мемлекет тарапынан инвестицияларды қаржыландыру қайтарылатын және қайтарылмайтын негізде болуы мүмкін. Қайтарылатын негізде қаржыландыруға белгіленген жоспарды орындауда уақытша салықтық немесе несиелік жеңілдіктер беріледі.

Сонымен қатар, күрделі қаржыларды инвестициялауға қажет қаражаттарды мемлекеттік бюджет есебінен бөлу қайтарылатын және қайтарылмайтын қаржыландыру немесе несиелеу түрінде жүзеге асырылады.

Қайтарылатын қаржыландыру немесе несиелеу коммерциялық банктердің мақсатты несиелері негізінде қамтамасыз етілуі мүмкін. Бюджеттен қаржыны мақсатты сипатта тарту бюджетті сәйкес жылға бекіткеннен кейін іске асырылады. Нәтижесінде қаржының алдын ала белгіленген бағытта жұмсалынуы бақыланады. Бұл қаржы банктің басқа клиенттеріне мақсатты несие беру түрінде жұмсалына алмайды және депозиттік шоттарға аударылмайды.

Қайтарылмайтын қаржыландыру республикалық бюджет қаржысы есебінен жүзеге асырылады, егер де бұл объект

мемлекетке қажетті объектілер тізіміне енгізілсе, онда бұл объектілерге жоғары маңыздылық пен қажеттілік салдарынан мемлекеттік қолдау қамтамасыз етіледі.

Мемлекеттік баланс концепциясы барлық мемлекеттік шығындар мен кірістердің сомаларының теңдігін қарастырады. Алайда тәжірибеде бюджеттің шығысты бөлігі кіріс мөлшерінен асады. Ең бастысы екеуінің арасы өте алшақ болып кетпеу керек. Тапшылықты жабу көздерін *ішкі* және *сыртқы қарыз* деп бөледі. Сыртқы қарыз көмегімен жабылатын жалпы тапшылық қаражаттарды қолдануды жоспарлаумен байланысты бағаланады. Елдің ішінде шығындарды үлкейтуге бағытталған сыртқы қарыз мемлекет экономикасына ынталандырушы әсер етеді. Егер де *сыртқы қарыз* шетелде шығындардың өсуіне әкелсе, онда ол ішкі сұранысқа әсер ете алмайды.

Қаржыландырудың ішкі көздеріне Ұлттық Банктен, коммерциялық банктерден және банктік емес сектордан алынған қарыз жатады. Ұлттық банктен алынған таза қарыз ақша массасының көлемін (қарыздың жалпы сомасы мен сол бойынша қайтарылатын немесе қайтарылмайтын қарыз сомасының арасындағы айырым) ұлғайтады.

ҚР-сында мемлекеттік қарыз алуды ҚР-ның Үкіметі, Ұлттық Банкі және жергілікті атқарушы органдары жүзеге асырады.

ҚР Үкіметінің қарыз алуы республикалық бюджеттің тапшылығын қаржыландыру мақсатында жүзеге асырылады.

Қазақстан Ұлттық Банкінің қарыз алуы ҚР-ның төлем балансын қолдау және Қазақстан Ұлттық Банкінің алтын-валюта активтерін толықтыру мақсатында, сондай-ақ ҚР-сында жүргізіліп отырған ақша-несие саясатымен айқындалатын басқа да мақсаттарда жүзеге асырылады. Жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік қарыз алуы жергілікті инвестициялық жобаларды қаржыландыру мақсатында, сондай-ақ ҚР-ның бюджет заңдарында көзделген басқа да мақсаттарда жүзеге асырылады.

1.4

Инвестицияны қаржыландырудың несиелеу әдісі

Инвестицияны несиелеудің ең ыңғайлы формасы болып табылатын *неселеу әдісі* – қаражаттарды белгілі мерзімде белгілі шек көлемінде алуға мүмкіндік береді және соның нәтижесінде банк пен кәсіпорын арасындағы шартқа сәйкес инвестицияға деген қажеттілікті қамтамасыз етеді. Инвестициялық жобаларды жүзеге асыру үшін қысқа, орта, ұзақ мерзімді сипаттағы қаржыларды қатыстырады. Қазіргі уақытта қарызды қайтару және қызмет көрсету шарттарының күрделілігіне байланысты коммерциялық банктер мұндай жобаларды үлкен тәуекелмен байланыстырады.

Несиелеу әдісінің екі формасы бар:

- коммерциялық несие;
- банктік несие.

1. Қазынашылық, банктік және коммерциялық вексельдер коммерциялық несиенің негізгі объектілері болып табылады.

Вексель – бұл вексель берушінің вексель ұстаушыға вексельде көрсетілген соманы мерзімді уақыты келгенде төлеу керектігін сипаттайтын қарыздық міндеттеме, сондай-ақ ақшалай міндеттемені білдіретін қатаң белгіленген формадағы төлем құжаты. Вексельді келесідей жіктеуге болады:

- шығару мақсатына қарай – банктік, қазынашылық және коммерциялық;
- мерзіміне қарай – ұсынбалы және мерзімді;
- айналысына қарай – жай және аудармалы.

Банктік вексель – банк пен эмиссиялық синдикат тарапынан шығарылады. *Қазынашылық вексель* – мемлекет тарапынан шығарылатын қаржылық құрал. Ал, *коммерциялық немесе тауар векселі* – тауарды сатып алушының сатушыға қатысты төлемдерді төлеу мерзімін анықтау формасы болып табылады.

2. Банктердің несиелері қаржы нарығында шоғырланған ресурстардың ең көп тараған түрі. Жалпы банктік несие ресурстарды шоғырланудың негізі болып табылады.

Банктік несиенің контокорренттік, мақсаттық, ипотекалық, жобалық және т.б. түрлері бар.

Контокорренттік несие – ол тәуекелі жоғары банктік несие болып табылады. Себебі, ол қарыз шоттарынан тұратын конто-

корренттік несие береді. Контокорренттік шот банк клиентінің төлемдерінің түсімі мен аударым уақыты сәйкес келмеген жағдайда ашылады. Сондай-ақ, контокорренттік шот жасалған келісім негізінде ашылады. Бұл шот тек қана банктің төлем қабілетілігі және жауапкершілігі жоғары клиенттеріне ұсынылады. Егер қарыз алушының қаржылық жағдайы өзгертілсе, онда банк несие бойынша қатаң шаралар қолданады. Оларға несие сомасын шектеу, несие бойынша төлемдерді көтеру шаралары қолданылады.

Контокорренттік несиенің *овердрафт* деп аталатын формасы бар. *Овердрафт* – бұл несие шотындағы жетіспеген ақша қаражаттарды уақытша жабу мақсатында шекті сомасын белгілемей қосымша келісім-шартқа отыруды қарастыратын қысқа мерзімді банктік несие. Оның *қысқа, ұзартылған, маусымдық* деген түрлері болады.

- қысқа мерзімдісі – бір немесе бірнеше күнге берілетін бірнеше реттік несие;
- ұзартылған – келісім бойынша төлеген уақытын содзыру туралы кәсіпорын параметрлерінің сенімхаты негізінде аптадан айға дейін берілетін несие;
- маусымдық – өндіріс үдерісінің ерекшелігіне байланысты банк клиенті төлемдерінің түсуі мен аудару аралығындағы келіспеушілікті жабу кезінде беріледі.

Мақсаттық несие – нақты мәміленің жүзеге асырылу мақсатында беріледі. Ол нақты мәміле жағдайында қызметтерді, тауарларды сатып алу, сауда, делдалдық мәмілелерді жүргізу, бағалы қағаздарды сатып алу және тағы басқалармен айналысады. Мақсаттық несие банктің клиенті болмаса да, банкте шоты ашылмаған болса да беріледі. Бұл несие үшін клиент несиені өтеу кепілін ұсынады.

Ипотекалық несие – мүлікті кепілге алу негізінде беріледі. Сонымен қатар, ипотекалық несие инвестициялық қызметтің маңызды элементі болып табылады. Оның басқа несиелерге қарағанда өзіне тән ерекшеліктері бар, тек нақты кепілге беру:

- мақсаттылық сипаты;
- ұзақ мерзімділігі (25 жыл).

Ипотекалық несие экономиканың нақты секторының дамуына құрылыс саласында, ауылшаруашылығында және басқа да салаларда өндірістің құлдырауын тоқтатуға әсер етеді. Сонымен қатар, ипотекалық несие қоғамның әлеуметтік жағдайларын шешуге оң әсерін тигізеді.

Жобалық несие – инвестициялық жобаның бизнес-жоспары және сенімді кепілдемесі негізінде инвестициялық жобаларды жүзеге асыру мақсатында берілетін несие. Инвестициялық жобаларды несиелеуді ұйымдастыру отандық банктік тәжірибеде белгілі бір кезеңдермен анықталады.

1. Жобалық несиелеуге деген өтінішті қарастыру және талдау;
2. Қарыз алушының несиелік қабілетін бағалау;
3. Жобалық несиелеудің қатысушылары арасында келісім-шарт жасау;
4. Жобаны несиелеу;
5. Жобалық несиелеуге бақылау жасау.

1-кезеңде жобаны несиелеумен байланысты несие берушіге берген жобаны іске асырушы құрылтайшы фирмалардың коммерциялық өтініші талданады. Бұл құжатта несиені алушы несиенің көлемін, мөлшерін, пайдалану мерзімін, жұмсалу мақсатын және қамтамасыз етілу сипатын көрсетеді. Жобалық несиелеуді жүзеге асыру тарапынан несиелік өтінішпен бірге құрылтайшылық құжаттар (бизнес-жоспар, техника-экономикалық негіздеме талап етіледі). Сондай-ақ, бұл кезеңде қарыз алушы туралы ақпараттар, оның ішінде несиенің тарихы туралы ақпараттар және бұрынғы алған несиелерді пайдалану жағдайы және банктің алдында ссудалық қарызы жоқтығы туралы ақпараттар, кепілге берілетін мүлікті куәландыратын құжаттар және несиені қайтарумен байланысты қарыз алушының мерзімдік міндеттемесі жинақталады.

2-кезең жобалық несиелеуді ұйымдастыруда шешуші кезеңді сипаттайды. Себебі, бұл кезеңде инвестицияны пайдаланушының коммерциялық несиелік қабілеті анықталады.

Несиелік қабілет – бұл несиені пайдаланушының немесе қарыз алушының қарыздық міндеттемелері бойынша толық және өз уақытында төлей алатын қабілетін сипаттайды.

Несиелік қабілетті анықтауда келесідей факторлар ескерілуі тиіс:

- қарыз алушының сипаты;
- қаражатты қарызға алу қабілеті;
- ағымдағы қызметі барысында қарызды өтеуі үшін қаражатты таба білу қабілеті немесе қаржылық мүмкіндігі;
- қарыз алушының меншік капиталының болуы;
- несиені қамтамасыз ету деңгейі.

Осы факторлар несиелік қабілетті бағалауда өзіне тән әдістердің қолданылуын анықтайды:

- іскерлік тәуекелді бағалау;
- қарыз алушы компанияның менеджментін бағалау;
- қарыз алушының қаржылық жағдайын бағалау;
- қаржылық коэффициентті талдау;
- қарыз алушы туралы ақпаратты жинау;
- ақша ағынын талдау;
- орналасқан жеріне байланысты қарыз алушының жұмысын қадағалау.

3-кезеңде несиелік қабілетті бағалаған соң қарыз алушының қаржылық тұрақтылығын анықтау барысында қарыз алушы мен қарыз беруші арасында арнайы келісім-шарт жасалады. Бұл келісім-шартты *несиелік келісім-шарт* деп атайды.

Бұл құжатта келісім-шартқа қатысушының міндеттемелері мен жауапкешілігі, сонымен қатар несиелеу мақсаты мен объектілері, мөлшері, беру мерзімі, қайтару шарттары, қамтамасыз ету формалары, несие үшін төленетін процент мөлшері, несиенің қозғалысын және қарыз алушының қаржылық жағдайын бақылау үшін пайдаланылатын құжаттар тізімі көрсетіледі.

4-кезең несие беру кезеңін сипаттайды. Бұл кезеңде ссудалық шот формасында ссуда беруді рәсімдеу тәртібі, ссуда тәсілдерін анықтайтын несиелеуді ұйымдастыру және оның техникалық шарттары немесе несиелеу тетігі анықталады.

5-кезеңде несиені қайтару және оған процент төлеу барысында бақылау жасау кезеңі сипатталады. Мұнда несие беруші банкте жасалған қайтару кестесі бойынша несиенің өз уақытында қайтарылып отыруына, сондай-ақ оның көзделген мақсатқа пайдалануына бақылау жасалады. Бақылау барысында несиелеу шарты бұзылған фактілер анықталған жағдайда әрі қарай несиелеу үдерісі тоқтатылып, банк тарапынан тиісті шаралар қолданылады.

1.5 || Инвестицияны қаржыландырудың акционерлеу әдісі

Акционерлеу әдісі нарықтық экономикадағы, оның ішінде кәсіпорын үшін инвестицияны тартудың тиімді әдісі болып табылады.

Акционерлеу әдісі дегеніміз – заңды тұлғалардың, қаржылық ұйымдар мен әр түрлі салалардағы мемлекеттік кәсіпорындардың акционерлік қоғам формасында құрылып, оларды қаржыландыруға қажетті ақша қаражаттарды және акцияларды сату негізінде инвестицияның тартылуы.

ҚР-да барлық коммерциялық банктер, сақтандыру компаниялары, басқа да қаржылық ұйымдар және әр түрлі салалардағы мемлекеттік кәсіпорындар акционерлік қоғам формасында құрылады. Сондай-ақ, акционерлеу әдісінің өзіне тән ерекшеліктері бар:

- дивидент көлемі акционерлік қоғамның қызметіне тікелей тәуелді болады;
- акционерлеу әдісі арқылы инвестициялар ірі жобаларды қаржыландыруға жұмсалынады;
- акционерлеу әдісі кезінде кәсіпорынның басты мақсаты пайда табу және өз қызметін жүзеге асыру болып табылады.

Қазақстанда акционерлік қоғамдар қызметінің негізгі реттеуші заңы «*Акционерлік қоғамдар туралы*» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы № 415-II заңы болып табылады. Осы заңға сәйкес акцияларының бақылау пакеті мемлекетке тиесілі, ұлттық экономиканың негізін құрайтын стратегиялық маңызды салаларда құрылған акционерлік қоғам *ұлттық компания* болып табылады. Іс жүзінде әрбір ұлттық компания өз саласында жүйе құраушы болып табылады және оның іс-әрекетіне осы компаниядағы жұмыспен қамтылғандардың жұмысқа орналастырылуы ғана емес, сонымен бірге мемлекеттің стратегиялық мүдделерін ескере отырып, салалардың жұмыс істеуі де тәуелді болады.

«Ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 6 сәуірдегі № 376 қаулысында: ҚР Үкіметінің 2004 жылғы 16 ақпандағы № 182 Ұлттық компаниялардың тізбесін бекіту туралы қаулысымен ұлттық компанияларға 12 акционерлік қоғам жатқызылды.

ҚР-ның 2017 жылғы 10 наурыздағы № 112 Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы қаулысына сәйкес өзгерістер

Елімізде Ұлттық компаниялардың тізбесі келесідей болды:

Ұлттық басқарушы холдингтер

1. «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ
2. «ҚазАгро» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ
3. «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ

Ұлттық холдингтер

4. «Зерде» ұлттық ақпараттық коммуникациялық холдингі» АҚ

Ұлттық компаниялар

5. «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ
6. «Электр желілерін басқару жөніндегі Қазақстан компаниясы «KEGOC» (Kazakhstan Electricity Grid Operating Company) АҚ
7. «Қазпошта» АҚ

8. «Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы» ұлттық компаниясы» АҚ
9. «Қазатомөнеркәсіп» ұлттық, атом компаниясы» АҚ
10. «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ
11. «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» АҚ
12. «Қазақтелеком» АҚ
13. «Қазақстан инжиниринг» (Kazakhstan Engineering) ұлттық компаниясы» АҚ
14. «Қазақстан Ғарыш Сапары» ұлттық компаниясы» АҚ
15. «Тау-Кен Самұрық» ұлттық тау-кен компаниясы» АҚ
16. «Қазгеология» ұлттық геологиялық барлау компаниясы» АҚ
17. «Кәсіпқор» холдингі» коммерциялық емес АҚ»
18. Ақтау теңіз сауда порты» ұлттық компаниясы» АҚ
19. «Астана ЭКСПО-2017» ұлттық компаниясы» АҚ»
20. ҚазАвтоЖол» ұлттық компаниясы» АҚ
21. «KAZAKH INVEST» ұлттық компаниясы» АҚ
22. «KazakhExport» экспортты сақтандыру компаниясы» АҚ
23. «Kazakh Tourism» ұлттық компаниясы» АҚ
24. «Бәйтерек девелопмент» АҚ
25. «KazakhExport» экспортты сақтандыру компаниясы» АҚ.

Жекелеген ұлттық компаниялардың еншілес ұйымдары да бар, өз кезегінде, олар да еншілес ұйымдарға ие.

Мемлекеттік холдингтер Қазақстанның дүниежүзілік экономикаға ойдағыдай кірігуіне бағытталған ұлттық стратегияның бәсекеге қабілеттілігі мен іске асырылуын камтамасыз етуде өздерінің жетекші орындарын сайлап алады.

Мемлекеттік холдингтер халықаралық компаниялармен бірлескен жобалар жасау, сондай-ақ олардың Қазақстанға келуіне жәрдемдесу жөнінде белсенді жұмыс жүргізіледі. Әсіресе, шикізаттық емес секторлардағы бірлескен жұмыс ерекше маңызды.

Мемлекеттік холдингтер экономиканы әртараптандыруда өзіндік рөл атқаруға, осы үдеріске қазақстандық шағын және орта бизнесті тартып, оларды ынталандырып, қолдап отыруға тиіс. Мұндай міндеттерді шешу үшін мемлекеттік холдингтерді біртұтас организм ретінде қайта құрылымдау жоспарын әзірлеу,

сондай-ақ тиісті нысаналы, толыққанды жұмыс істейтін, тиімді, икемді әрі ашық ішкі құрылымдар жасақтау қажет. Осыған байланысты әрбір мемлекеттік холдингті құрайтын құрылымдарға, олардың тиімділігі мен бейінділігіне тиісінше таңдау жүргізу, содан кейін әрбір мемлекеттік холдингтің басқаруында қандай активтердің қалатынын, олардың қалай дамитынын, қайсысын бәсекелестік ортаға енгізу керектігін анықтау қажет.

1.6 ||| Инвестицияларды қаржыландырудың шетелдік әдісі

Ұлттық экономикадағы сыртқы қаржыландыру көздері болып шетелдік қаражаттар жатады. Бұл қайта оралатын капитал, халықаралық ұйымдардың салымдары, резидент емес жеке және заңды тұлғалардың салымдары болуы мүмкін. Сондай-ақ, мемлекеттің біріккен жобаларын жүзеге асыруы да мүмкін. Шетелдік инвестициялардың көзі мемлекеттің сыртқы қарызы мен несие берушілердің қарызды трансформациялауға келісуі жағдайында бола алады.

Меншікті қаржыландыру ресурстарының шектеулі болуы шетел капиталын пайдалану қажеттілігін туғызады. Қазақстандағы саяси және экономикалық жағдайды бағалау негізінде өндірістік инвестициялық қызметті әлі де болса белсендендіру қажет. Себебі, экономиканың көптеген салалары шетел капиталынсыз өздерінің қызметін толық қанды жүргізе алмайды. Сондықтан да, шетелдік қаржыландырудың көзі негізінен инвестициялық ресурстардың тапшылығын жабу үшін және отандық экономиканы жандандыру үшін шетелдік инвестицияны тартуды қажет етеді.

Шетел капиталының отандық экономикаға келуінің үш түрі бар:

- 1) экспорттық;

2) мемлекетті дамытуға берілетін ресми көмек;

3) шетел капиталының ағыны.

1. *Экспорттық несие* – бұл экспорттың мемлекетке тауарды немесе қызметтерді сатып алу шартымен берілетін несие түрі. Оның өзі екі формада тұрады: инвестициялық несие және тауарлық несие.

- *Инвестициялық несие* – 3 жылдан жоғары мерзімге техника мен құрал-жабдықтарды жеткізу шартымен беріледі.

- *Тауарлық несие* – 3 жылға дейінгі мерзімге алушы жағынан ірі банктерден кепілдік негізінде беріледі.

2. *Мемлекетті дамытуға берілетін ресми көмек* – екі Үкімет аралығындағы келісім болып табылады, яғни несие беруші ретінде шетелдік үкімет немесе шетелдік қаржылық институттар, ал несие алушы ретінде отандық мемлекеттің үкіметі болып табылады. Дамытуға берілетін ресми көмекте екі формада технологиялық көмек және қаржылық көмектен тұрады.

- *Технологиялық көмек* – әр түрлі салалардағы қызмет көрсетулер болып табылады, мұндай технологиялық көмек грант және қарыз түрінде беріледі.

- *Қаржылық көмек* – әлеуметтік-экономикалық мәселерді шешуге қажетті төлем балансына, тауар импортына және инвестициялау жобаларына жұмсалуға беріледі.

3. *Шетел капиталының ағыны* – тікелей инвестициялық және несиелеу арқылы келуі мүмкін. Оларға кәсіпорындарды, фирмаларды құру, шетел кәсіпорынының жарғылық капиталын сатып алу, осы кәсіпорындағы несиені ұсыну жатады. Қазақстан Республикасында инвестицияларды тартуда шетел капиталы ағынының екі формасы бар:

- біріккен кәсіпорындар немесе толығымен шетелдік инвесторлар иелігіндегі кәсіпорындар;

- портфельдік инвестициялау.



БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ

1. *Инвестициялық қызметті қаржыландыру жүйесі дегеніміз не?*
2. *Инвестициялық қызметті қаржыландырудың көздері қандай?*
3. *Инвестициялық қызметті қаржыландырудың әдістері.*
4. *Кәсіпорындардың инвестициялық қызметін өзін-өзі қаржыландыру әдісі.*
5. *Кәсіпорындардың инвестициялық қызметін қаржыландырудың бюджеттік әдісі.*
6. *Инвестицияны қаржыландырудың несиелеу әдісі.*
7. *Инвестицияны қаржыландырудың акционерлеу әдісі.*
8. *Инвестицияны қаржыландырудың шетелдік әдісі.*
9. *Өзін-өзі қаржыландыру әдісінің ерекшелігін анықтаңыз.*
10. *Инвестицияны қаржыландырудағы бюджеттік әдістің ерекшелігін анықтаңыз.*
11. *Инвестицияны қаржыландырудағы несиелеу әдісінің ерекшелігін анықтаңыз.*
12. *Инвестицияны қаржыландырудағы акционерлеу әдісінің ерекшелігін анықтаңыз.*
13. *Инвестицияны қаржыландырудағы шетелдік инвестицияны тарту әдісінің ерекшелігін анықтаңыз.*

2. ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ БАНКТІК НЕСИЕЛЕУ – ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАРДЫ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ ӘДІСІ РЕТІНДЕ

2.1

Инвестицияны қаржыландыруға арналған несиелердің ерекше формалары

Инвестицияны қаржыландырудың ерекше формалары – ипотекалық, вексельдік несиелеу, лизингтік, факторингтік және форфейтингтік операциялар болып табылады.

Ең алдымен, шетелдік тәжірибеде кеңінен таралған, отандық банк тәжірибесі үшін өте маңызды болып табылатын инвестицияны қаржыландырудың ерекше формалары, коммерциялық банктердің делдалдық қызметтеріндегі факторинг және форфейтинг операцияларын қарастырайық.

Факторинг алғашқы кезде ХІХ ғасырдың аяқ кезінде АҚШ-та пайда болып, кейіннен өнеркәсібі жағынан дамыған Батыс Еуропада қолданылды. Әсіресе, коммерциялық банктер факторингті соңғы 25-30 жыл ішінде кеңірек қолдана бастаған.

Факторинг 80-жылдардың ортасында Батыс Еуропа елдеріндегі тұрақты экономикалық өрлеу кезеңінде кеңірек таралды. 90-жылдардың басында факторингтік компаниялар 3,6 есе өсті. Факторингтік операциялардың бүгінгі көлемі (ішкі және халықаралық факторингті қосқанда) келесідей: Еуропада – 56%, Америкада – 30%, Азияда және Тынық мұхит жағалауындағы елдерде – 13%, Африкада – 1%.

Факторинг – өзара коммерциялық және ақша қаражаттарының айналысын жылдамдатуға көмектеседі. Факторинг банктік және коммерциялық несиеге қарағанда инвестицияны қаржыландырудың тиімді формасы болып табылады.

Факторинг – бұл тауарларды немесе қызметтерді жабдықтаушыдан төлем талабын сатып алуды білдіреді. Сонымен қатар,

факторинг сатушылардың сатып алушыларға сатылған тауары үшін уақытын кешіктіріп төлеуге беретін тауар формасындағы және ашық шот түрінде рәсімделетін коммерциялық несиенің болуын сипаттайды.

Факторинг клиенттің айналым капиталын несиелеумен ұшта-сатын, сауда-комиссиялық операцияның бір түрі.

Факторингтің мақсаты – кез келген несиелік операциялардың ажырамас бөлігі болып табылатын тәуекелді қалпына келтіру. Нарықтық экономикасы дамыған елдерде төлемдердің сақталу мерзімдеріне басты назар аударылады. Ендеше факторингтік компаниялар мен банктердің фактор бөлімдерінің қызметі жабдықтаушылар мен сатып алушылар арасындағы қатынастардағы тәуекелдер мен төлемдер мерзімдеріне байланысты мәселелерді шешуге бағытталады.

Фактор сөзі ағылшын тілінде «factor», «маклер, делдал» деген мағынаны білдіреді. Экономикалық жағынан алғанда бұл делдалдық операция.

Факторингтік операциясы: *ішкі* және *халықаралық* болып бөлінеді.

Егер фактор-банк бір мемлекетте орналасса *ішкі факторингтік операция* деп, ал үш жақтың бір немесе екеуі басқа мемлекетте болса *халықаралық* деп айталады.

Сонымен қатар, факторингтік операциясы *ашық* және *жабық* болып бөлінеді.

Ашық факторингтік операцияда борышкер факторингтік мәмілеге қатысуы туралы мәлімет алса, ал *жабық факторингтік операцияда* жүргізілетін операция құпия түрде болады.

Шетелдерде факторинг – бұл ұсақ және орташа компаниялар үшін қаржыландыру көзіне бағытталған қысқа жолды білдіреді.

Форфейтинг сөзі француз тілінде «a forfait», «құқықтан бас тарту» дегенді білдіреді. *Форфейтинг* – тауарларды жабдықтау немесе қызметтерді көрсету барысында пайда болатын және алдағы уақыттарда өтелуге тиісті міндеттемелерді сатып алуды білдіру үшін пайдаланылатын термин.

Форфейтинг қызметі халықаралық сауданы орта мерзімде қаржыландырудың балама тәсілдеріне жатады.

Форфейтинг алғаш екінші дүниежүзілік соғыстан кейін Еуропа елдерінде пайда болған. Қазіргі кезде форфейтингтік операция бойынша бірінші орынды Швейцария алады және ол осы операцияны бастаушылардың бірегейі болып табылады. Ал, Қазақстанда бұл операция түрі маңызды болғанымен, дамымай отыр, оның себебі вексель айналысының дұрыс жолға қойылмауымен және т.с.с. байланысты.

Форфейтингтік несиелеуде әдетте, сауда тратталары (аударма вексель) немесе жай вексельдер қабылданады.

Форфейтингтегі дисконт мөлшерлемелерінің құрамдас элементтеріне келесілер жатады:

- еуровалюталар нарығындағы несиенің құны (ЛИБОР – Лондондық банкаралық процент мөлшерлемесі);
- импортаушы елінің тәуекел құны және валютаны аударуға байланысты тәуекел құны 0,5-тен 6%-ке дейін жылдық мөлшерде ауытқиды;
- несиені басқаруға қатысты форфейтордың шығындары (0,5%-ке дейін жылдық);
- міндеттеме үшін алынатын комиссия (1-1,5% жылдық).

2.2

Факторингтік және форфейтингтік операциялар

Факторинг жабдықтаушы клиенттің жабдықтаған тауары мен көрсеткен қызметтері үшін төленбеген төлем талабын (шот – фактурасы) банкке сатуымен байланысты комиссиялық–делдалдық операция болып табылады.

Факторингтік қызметтің мақсаты төлеушінің төлем қабілетіне байланыссыз факторингтік келісім-шартта көрсетілген мерзімде тез арада қаражатты алу болып табылады.


Нарықтық экономикасы дамыған елдерде факторингтік компаниялардың көбіне еншілес фирмалары ірі банктермен бірігіп жұмыс істейді.

Банк төленбеген төлем талабының иесі ретінде, қарыз алушының несиелік қабілетін тексергенімен де, олардың төленбей қалуынмен байланысты тәуекелге барады. Келісім-шартқа сәйкес банк жабдықтаушының контрагенттері өздерінің қарызын өтегеніне қарамастан, төлем талабындағы соманы төлеуге міндеттеме алады. Дәл осы жерде факторинг пен банктік кепілдеменің арасындағы айырмашылық байқалады. Яғни, банктік кепілдеме бойынша банк оған тиісті соманы клиент төлемеген жағдайда өзінің есебінен төлеуге міндетті.

Факторингтік операцияға үш тарап қатысады.

1. Факторингтік компания (банктің факторинг бөлімі) – өздерінің клиенттерінен шот-фактураны сатып алатын арнайы мекеме.
2. Клиент (тауарды жабдықтаушы, несие беруші) – факторинг компаниясымен келісім-шарт жасаушы өнеркәсіп немесе сауда фирмасы.
3. Кәсіпорын (қарыз алушы) – тауарды сатып алушы – фирма.

Факторингтік операцияны жүзеге асырудан бұрын толық талдау жұмысы жүргізіледі. Кәсіпорынның тапсырыс алғаннан соң факторингтік компания немесе банктің фактор бөлімі 1-2 апта ішінде клиенттің экономикалық және қаржылық жағдайын зерттейді. Егер кәсіпорын факторинг компаниясының немесе банктің фактор бөлімінің клиенті болса, ол факторинг компаниясына сатып алушыға жіберілетін барлық шот-фактураны тапсырады. Әрбір құжат бойынша клиент төлеуге келісім алуға тиіс. Факторинг компаниясы барлық шот-фактурамен таныса отырып, сатып алушының төлем қабілетін анықтайды. Бұған 2-3 күн уақыт қажет етіледі. Факторинг компаниясы төлемінің уақыты жеткен кезде немесе мерзімнен бұрын төлей алады. Факторингтік операцияны ұйымдастыру жүйесі 3-суретте көрсетілген.



3-сурет. Факторингтік операцияларды ұйымдастыру

Факторингтік операцияларда:

- жеке тұлғалардың қарыздық міндеттемелері;
- бюджеттік мекемелердің қоятын талаптары;
- банктің несиелеуден алынып тасталған немесе төлем қабілеті жоқ деп танылған кәсіпорындар мен ұйымдардың міндеттемелері;
- кәсіпорындардың филиалдары немесе бөлімшелерінің міндеттемелері бойынша жасалмайтынын ескеру қажет.

Факторинг негізінен жабдықтаушы мен сатып алушының арасындағы қатынасты сипаттайды, себебі ол жабдықтаушының қаржылық жағдайына, сондай-ақ, оны сатып алушыларының төлем қабілетіне үздіксіз бақылау жасауды білдіреді.

Факторингтік операциялар банктер мен арнайы ұйымдар арқылы жүзеге асырылады. Ол үшін банктерде арнайы бөлімдер ашылуы тиіс. Факторингтік операциялардың түрлері 4-суретте берілген.



4-сурет. Факторингтік операциялар

Форфейтингтік пен факторингтік операциялары өзара ұқсас болып келеді. Бірақ форфейтингтің факторингтен айырмашылығы – форфейтинг сатылған тауарлар мен қызметтерге деген құқықтарды қайта сату арқылы ақшалай қаражаттарды қарызға алумен байланысты бір рет жасалатын операцияны білдіреді. Сондай-ақ, экспортушының форфейтингтік қызметі орта мерзімді немесе ұзақ мерзімді несиелеумен байланысты болса, факторингте несиелеу мерзімі небары 6 айды құрайды.


Форфейтинг – бұл форфейтордың, яғни коммерциялық банктің немесе арнайы компанияның импорттаушының экспорттаушыға төлеуге тиісті төлем талабын сатып алуын білдіреді.

Форфейтингтік операция бойынша, алдымен экспорттаушы өзінің тауарын несиеге алушыны – импорттаушыны іздейді. Ал, импорттаушы болса, оған жай немесе аудармалы векселін, яғни қарыздық міндеттеме жазып беруге тиіс. Егер вексель берушінің беделі немесе қаржылық жағдайы жақсы болса, онда вексельге кепіл беру талап етілмеуі мүмкін, дегенмен де импорттаушы аудармалы вексель бойынша авалшыны (төлеуге кепіл беруші тұлғаны) табады. Осы жерде банк несиесінің сомасы мен мерзімі, сатып алушының төлем қабілетілігі, аваль берушінің қаржылық жағдайына басты мән беріледі.

Форфейтингтік операцияға үш тарап қатысады:

- 1) экспорттаушы, яғни тауарды орта мерзімді несиеге беруші;
- 2) импорттаушы, яғни тауарды несиеге алушы;
- 3) форфейтор, яғни мәмілені қаржыландырушы банк немесе арнайы компания.

Форфейтинг мәмілесінің техникасы 5-суретте берілген.



5-сурет. Форфейтинг операциясының техникасы

Форфейтингтік мәміле бірнеше кезеңнен тұрады. *Бірінші кезеңде* мәміле дайындалады. Бұл кезеңде экспорттаушы, экспорттаушы банкті немесе импорттаушы операцияны бастаушылар болады. Экспортаушы үшін кепілдемеге қатысты форфейтордың талабын білу маңызды. Сонымен бірге, осы кезеңде форфейтор экспортаушының өтінішін қарайды. *Екінші кезеңде* болатын операция туралы ақпараттар жинастырады. Содан кейін барып, форфейтор-банк несиелік талдау жүргізеді. Келесі кезеңде экспортаушы вексельді алады және оған авалдың берілуін, яғни үшінші бір тұлғаның кепіл беруін талап етеді.

Форфейтинг тетігі келесідей екі түрлі мақсатта мәміле жүргізуде пайдаланылады:

1) қаржылық мәміле бойынша орта мерзімді қаржы міндеттемесін тез арада іске асыруда;

2) экспорттық мәміле бойынша шетелдік сатып алушыға несиеге тауар бергені үшін экспортаушыға қолма-қол ақшамен түсім түсуіне ықпал етуде.

Форфейтинг мәмілесінің мерзімі 180 күннен 5 жылға дейінгі аралықты, кей жағдайларда – 7 жыл уақытты қамтиды.

Экспортаушы үшін форфейтингтің келесідей артықшылықтары бар:

- вексельді форфейтор-банк сатып алғаннан кейін экспортаушы валюта бойынша тәуекелге бармайды, яғни бұл тәуекелді банктің өзі шешеді;
- уақытын кешіктіріп төлеуге берген операцияның қолма-қол ақшамен жасалатын операцияға айналуымен байланысты экспортаушының өтімділігі тез арада жақсарады, яғни экспортаушы тауарын жөнелткеннен кейін бірден банктен қаражат алады;
- проценттік мөлшерлемеге байланысты да тәуекел болмайды, себебі форфейтингтік қаржыландыру тұрақты проценттік мөлшерлеме негізінде жүзеге асырылады;
- құжаттандырудың қарапайымдылығы және оны рәсімдеудің жылдамдығы;
- форфейтор-банк несиелеу операциясына қарағанда өте жоғары табыс табады.

2.3 || Вексельдік несиелеу – қысқа мерзімді несиелеу ретінде

Вексельдік несиелеу екі нұсқада болуы мүмкін – төлемді ұзартумен вексельді сату және вексельдік заем. *Бірінші жағдайда* банк клиентке вексельді (өзінің эмиссиялаған немесе сатып алған) оның төлемін ұзартумен белгілі мерзімге сатады. *Екінші жағдайда* клиентке белгіленген мерзімде немесе сол мерзімде банкке беру арқылы клиенттің банкке қайтаратын векселі (қарыз беру келісім-шарты бойынша) беріледі. Вексельдік несиелер келесі себептер бойынша тиімді: *біріншіден*, төлемді ұзарту үшін төлем несиелеу бойынша мөлшерлемеден төмен болуы мүмкін, себебі ақша қаражаттарының қозғалысы қажет етілмейді; *екіншіден*, вексельдік несиелеу кезінде несиелеу беру кезінде белгіленген бірқатар шектеулерден бас тартуға болады, мысалы, клиенттің балансы бойынша несиені материалдық қамтамасыз ету. Төлем мерзімін ұзарту белгіленетін мерзім (немесе заемға берілген вексельді қайтару мерзімі) ешқандай нормативтік құжаттармен шектелмейді, сондықтан мерзімдер банктің өзімен бекітіледі.

«Қазақстан Республикасындағы вексель айналысы туралы» 1997 жылғы 28 сәуірдегі № 97 ҚР-ның заңы 1990 жылғы 7 маусымдағы «Аудармалы және жай вексельдер туралы» бірыңғай заңды белгілейтін конвенцияға, «Аудармалы және жай вексельдер туралы» заңдардың кейбір үйлеспеушіліктерін шешу мақсатын көздейтін конвенция мен «Аудармалы және жай вексельдерге қатысты елтаңба алымы туралы» конвенцияға сәйкес Қазақстан Республикасындағы вексель айналысын реттейді және төлем құралы мен несиелік қаражат ретінде вексельдің қызметін белгілейді.

Вексельдің *жай* және *аудармалы* түрлері бар::

Жай вексель (соло) – бұл вексель берушінің вексель ұстаушыға талап етуі бойынша немесе алдағы белгілі бір уақытта төлейтін вексельде көрсетілген ақша сомасының ешнәрсеге

негізделмеген міндеттемесі жазылған вексель немесе вексель сомасын төлеу міндеттемесі.

Аудармалы вексель (тратта) – бұл вексель берушінің (трассанттың) үшінші тұлғаға (трассатқа) бірінші вексель ұстаушының (ремитенттің) немесе оның бұйрығы бойынша алдағы белгілі бір уақытта не ұсынуы бойынша төлейтін вексельде көрсетілген ақша сомасының ешнәрсеге негізделмеген ұсынысы (бұйрығы) бар вексель немесе вексель сомасын төлеу бұйрығы.

Мұнда трассант – трассатқа кредитор, ал ремитентке борышкер, трассат – трассантқа борышкер, ал ремитент – трассантқа кредитор болып келеді.

Вексельде вексель сомасы, уақыты, вексель ұстаушы мен вексель берушінің атауы көрсетіледі. *Вексель беруші* – вексель берген заңды немесе жеке тұлға. *Вексель ұстаушы* – вексельде көрсетілген ақша сомасын алуға құқығы бар вексель иесі. Вексель ұстаушы вексель сомасын мерзімінің соңына дейін ұстамауына болады. Ол «ауысу жазбасы» арқылы, яғни индоссамент арқылы басқа тұлғаға беріледі. *Индоссамент* – вексель сыртындағы немесе аллонждағы табыстау жазбасы, бұл осы вексель бойынша иелену құқығының басқа тұлғаға берілгенін куәландырады. Индоссаментті вексельдің артқы бетіне жазады немесе қосымша бетте – аллонжда жазылады. *Аллонж* – индоссаменттер жасау үшін вексельге қосымша парақ. Көбінесе вексельді вексель ұстаушы банкке сатады. Банктің вексельді сатып алу операциясын *есепке алу операциясы* деп атайды. Банк вексельді вексельдік сомадан төмен бағаға сатып алады.

Вексельдік несие бойынша проценттер жоғары немесе банктерде ресурстар жеткіліксіз болатын жағдайда өте тартымды болады. Осы жағдайда вексельдік несиелер өте тиімді, себебі вексельдік құралдар бойынша проценттер несиелік проценттерге қарағанда төмен. Бірақ осы жағдайда басқа да нұсқалар туындауы мүмкін. Бұл вексельдің әрекет ету мерзімі мен төлемі ұзартылған мерзімге тәуелді. Егер вексельді төлеу мерзімін ұзарту вексельдің өзін өтеу мерзіміне қарағанда аз уақытқа белгіленсе (мысалы, 50 күндік өтелу мерзіміндегі вексельді төлемді ұзартумен 49 күнге сатылса), онда ақша

қаражаттарының қозғалысы келесідей болады. Келісілген мерзім (49 күн) біткеннен кейін клиент сатып алынған вексель бойынша қарызды өтейді. Келесі күні осы вексель банкке (егер ол банктік болса) төлемге (осы вексельдің сол сәтте ұстаушысы болатын тұлға береді) ұсынылады және банк оны төлейді. Осылайша, ақша қаражаттарының қозғалысы клиенттің вексель бойынша қарызды өтеген күннен басталады. Егер вексельді төлеу мерзімінің ұзартылуы вексельді өзін өтеу мерзімінен ұзақ мерзімге орнатылса (мысалы, вексель «талап етуге дейінгі» өтеу шартымен төлемді ұзартумен 49 күнге сатылатын болса), онда ақша қаражаттарының қозғалысы мүлдем басқа сипатқа ие болады. Банк клиент үшін вексельдің төлем мерзімін ұзартады, мысалы 90 күнге сатады. Клиент белгілі бір өнімді вексельмен төлейді, ал вексель «ұсыну бойынша» болғандықтан, өнім жабдықтаушысы банкке ұсынады және банк ұсынылған вексельді төлейді. Осы схема кезінде вексель банктік ресурстарды пайдалануды талап етеді, яғни төлемді ұзартқаны үшін несиелеу бойынша проценттерге тең болады. Вексельдік несиелер бойынша сыйақы, егер банк вексельді клиенттен бұрын төлесе, онда төлемді ұзарту үшін мөлшерлеме несиелік мөлшерлемеге тең болатын мөлшерде бекітіледі.

Қысқа мерзімді несиелеудің негізгі түрлері:

- айналым қаражаттарын толықтыруға берілетін несиелер;
- сату-сатып алу қызметіне берілетін несиелер;
- келісім-шарттарды жүзеге асыруға берілетін несиелер.

Несие бойынша проценттік қойылым қарыз алушының қаржылық жағдайын, несиенің қамтамасыз етілу өтімділігінің деңгейін, клиенттің банкте ашқан шоттары бойынша айналымдардың көлемі мен тұрақтылығын, несиелік тарихы және басқа шарттарды есепке алғанда бекітіледі.

Төменде несиені беру бойынша мүмкіндікті қарастыру мақсатында банкке ұсынылатын құжаттардың тізімі берілген:

1. Несиелік тапсырыс.

Несиенің мөлшері, мерзімі, мақсатты пайдаланылуы, ұсынылатын несиенің қамтамасыз етілуі және жоспарланатын өтеу көздерін міндетті көрсетумен еркін формада құрылады.

2. *Құрылтайшылық және тіркеу (заңды) құжаттары*, олар белгіленген тәртіпте расталады:

- құрылтайшылық келісім-шарт;
- Жарғы (ереже);
- мемлекеттік тіркеу туралы құжат (куәлік, шешім);
- лицензиялауды талап ететін жүзеге асырылатын қызметтің түріне арнайы рұқсат (лицензия);
- бас директорды және бас бухгалтерді тағайындау туралы бұйрық;
- ұйымның қолдары мен мөрінің үлгілері бар карточка (ол нотариалды және қызмет көрсететін банкпен расталады).

3. *Бухгалтерлік есеп:*

- жылдық қаржылық есеп;
- бухгалтерлік баланс;
- аудиторлық қортындылар.

4. *Қызмет көрсететін банкпен анықтама*, ол жерде шоттар бойынша әр ай сайынғы айналымдар және міндетті әр ай сайынғы төлемдер туралы ақпарат болады.

5. *Техника-экономикалық негіздеме*, бұл жерде өтелу мерзімі және несиені қайтару ақпараттары беріледі, ол келесілерді көрсетуі қажет:

- клиент қызметінің негізгі түрлері;
- ұсынылатын несиенің мақсаты;
- есептік мерзімдер және өндірістің құны;
- өткізу нарығын талдау;
- несиелеуге қарастырылатын мәміленің толық қаржылық есебі;
- несиелік жобаны жүзеге асырудан күтілетін пайданың және барлық төленетін салықтардың есебі.

6. *Келісім-шарттар*, ол несиеленетін мәміледен шығады:

- несиеленетін тауарлы-материалдық құндылықтарды сатып алу және өткізу бойынша келісім-шарттар;
- тауарлы-материалды құндылықтарды сақтау, тасымалдау, сақтандыру және т.б. мақсаттарда қарыз алушымен жасасқан келісім-шарттар;

- белгілі тауарлы партияларға және жұмыстарды жүргізуге рұқсат беретін құжаттар.

7. *Несиенің қамтамасыз етілуі.*

Несиені қамтамасыз етумен (кепілдік, банктік кепілдеме) байланысты құжаттардың толық жиынтығын ұсыну қажет.

Кепіл беруші ретінде клиенттің (қарыз алушының) өзі, сонымен бірге клиенттің міндеттемелері бойынша жауап бере алатын үшінші тұлға бола алады.

8. *Клиенттің несиелік тарихын сипаттайтын құжаттар*, есептелген проценттерді есепке алғандағы бұрын берілген несиелерді өтеу және ұсынуды растайтын құжаттардың көшірмелерін беру.

9. *Басқа ақпараттар*. Банктің немесе клиенттің көзқарасы бойынша қысқа мерзімді несиені беру туралы мәселелерді қарастыру үшін қажетті ақпарат болып табылады.



БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ

1. *Факторингтік операциялар дегеніміз не?*
2. *Форфейтингтік операциялар дегеніміз не?*
3. *Вексельдік неселеу дегеніміз не?*
4. *Инвестицияны қаржыландырудың ерекше формаларының міндеттерін анықтаңыз*
5. *Инвестицияны қаржыландырудың ерекше формаларының мәнін анықтаңыз*
6. *Инвестицияны қаржыландырудың ерекше формаларының түрлерін анықтаңыз*
7. *Вексельдік несиелеу қалай жүзеге асады?*
8. *Факторингтік операциялардың қызметін ұйымдастыру.*
9. *Форфейтингтік операциялардың қызметін ұйымдастыру.*
10. *Вексельдік неселеу қалай жүзеге асырылады?*
11. *Факторингтік мәмлелер қалай жүзеге асырылады?*
12. *Форфейтингтік мәмлелер қалай жүзеге асырылады?*

3. ЛИЗИНГ – ИНВЕСТИЦИЯНЫ ОРТА МЕРЗІМДІ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ ӘДІСІ РЕТІНДЕ

3.1 ||| Лизингтің пайда болу тарихы және лизингтің негізгі түсініктері

Лизинг сөзі («мүлікті уақытша пайдалануға алу және беру») ағылшын тілінен аударғанда «to lease» «жалға беру» дегенді білдіреді. Лизингтің жалға беруден айырмашылығы – жалға беруде екі жақ алушы мен беруші қатысса, ал лизингте үш қатысушы лизинг беруші, лизинг алушы және жабдықтаушы қатысады.

Лизинг 1950 жылдарда АҚШ-та, ал 1960 жылдарда Батыс Еуропада пайда болған. Дәстүрлі қаржыландыру әдістерінің жетіспеушілігі нәтижесінде Қазақстанда лизингтің дамуы қажет болды. Қазіргі уақытта лизинг дамыған елдермен бірге дамушы елдерде де үлкен қарқынмен дамуда. Лизингті арнайы лизингтік компаниялардың негізгі қорларын қаржыландырудың ерекше формасы ретінде қарастыруға болады.

Лизинг – бұл лизинг берушінің өзіне тиесілі құрал-жабдықтарды, машиналарды, ұйымдастыру техникаларын өндіріске, сауда-саттыққа және қоймаға арналған құрылғыларды лизинг алушыға лизингтік төлем төлеу шартымен, белгіленген мерзімге пайдалануға беруін қарастыратын жалға беру шарты.

Лизингті лизинг беруші белгілі бір мүлікті сатып алып кәсіпкерлік мақсаты үшін лизинг алушыға уақытша пайдалануға беруді қарастыратын кәсіпкерлік қызметтің түрі деп қарастыруға болады.

Лизинг бір ұйымның (пайдаланушы – лизинг алушы) басқа ұйымға (лизингтік компанияға) қажетті құрал-жабдықты сатып алу және оны оған пайдалануға беру өтінішімен барған кезде болатын мүліктік қатынастар деп аталады.

Әлемдік тәжірибеде лизингке инвестицияны қаржыландырудың қосымша әдісі ретінде ерекше көңіл бөлінеді.

Шет мемлекеттерде ірі лизингтік мәмлелерді жасауда қатысушылардың саны – 6-7-ге дейін өседі. Мұндай жағдайда лизинг *көпжақты лизинг* деп аталады.

Қазақстандағы лизинг өзінің алғашқы қадамдарын 1989 жылы бастады. Еліміздегі лизинг келесідей жолдармен қалыптасқан:

- 1) аймақтық көтерме делдалдық фирманың «Қазкелісім-шарт» корпорацияларының жүргізілуіндегі жалға беруге байланысты кәсіпорындар және жұмыс істеп тұрған орындар мен агроөнеркәсіп кешендегі облыстық, аудандық жабдықтау кәсіпорындары;
- 2) екінші деңгейдегі банктердің лизингтік операциялары;
- 3) жаңадан құрылған арнайы лизингтік фирмалар;
- 4) лизингтің халықаралық формалары – экспорттық, импорттық және басқа да шетелдік фирмалармен бірлескен кәсіпорындар мен республика аумағындағы шетелдік лизингтік компаниялардың дамуы.

Келесі қадам ретінде лизинг қызметіне байланысты қабылданған «Қаржы лизингі туралы» Қазақстан Республикасының заңы ұзақ мерзімді лизингтің дамуына ықпал еткендігін айтуға болады.

3.2 || Лизингтің түрлері мен жіктелінуі

Дүниежүзілік тәжірибеде лизингтік операцияларға инвестицияны қаржыландырудың ерекше түрі ретінде үлкен көңіл бөлінеді. Қазіргі уақытта лизингтік операциялардың көптеген формалары бар.

Лизинг, біздің еліміз үшін инвестицияны қаржыландыру түрі болып табылады, ол ұйымдарға (банк клиенттеріне) өндірісті

қайта құруға көмектеседі. Сондықтан банктің несиелік портфелінің жоғары өтімділік деңгейіне жетуіне мүмкіндік береді.

Лизингтік қызмет нарығы лизинг формаларының көп түрлілігімен, лизингтік келісім-шарттар мен лизингтік операцияларды реттейтін заң нормаларының модельдерімен сипатталады.

Лизинг түрлерін жіктеу жалға алынатын мүлікті; лизингтік операцияны қаржыландыру типін; лизингтік мүліктің типін; лизингтік мәміленің қатысушыларының құрамын; лизингтік мүліктің өтелу дәрежесін; лизингтік операциялар жүргізетін нарық секторын; салықтық, кедендік және амортизациялық жеңілдіктер, преференцияларға қатынасын; лизингтік төлемдердің тәртібін сипаттайтын белгілерден тұрады.

Қаржыландыру типі бойынша лизинг келесідей бөлінеді:

- *жедел*, бұл кезде мүлікті бір реттік жалға беру орын алады.

Жедел лизингті *жартылай сатып алынатын* және *толық сатып алынатын қаржы лизингі* деп екі типке бөлуге болады.

Жедел лизинг мүліктің қызмет ету мерзіміне қарағанда, оның пайдалану мерзімінің қысқалығымен және мүліктің құнын толық өтемеуімен сипатталады.

Жедел лизинг *рейтинг* (1 күннен 1 жыл мерзімге) және *хайринг* (1 жылдан 3 жылға дейін) болып екіге бөлінеді. Жалға беру мерзімі аяқталғаннан кейін мүлік иесіне қайтарылады.

- *жаңартылатын (револьверлік)*, бұл кезде бірінші мерзім өткеннен кейін лизинг келісім-шарты келесі кезеңге ұзартылады. Осы кезде лизинг объектілері белгілі уақыттан кейін тозуға және лизинг берушінің қалауына тәуелді аса жетілдірілген түрлерге өзгереді. Лизинг алушы өзіне құрал-жабдықты ауыстыру бойынша шығындарды алады. Жаңартылатын лизинг бойынша лизинг объектілерінің көлемі мен оларды пайдалану мерзімдері тараптармен алдын ала келісілмейді.

Жаңартылатын лизингтің түрі лизинг алушыға жаңа келісім-шарттарды жасамай жалға алынатын құрал-жабдықтың тізімін толықтыруға мүмкіндік беретін бас лизинг болып табылады. Бұл үздіксіз өндірістік циклмен байланысты кәсіпорындар үшін

және серіктестермен қатаң келісім-шарттық кооперация кезінде маңызды болады. Бас лизинг жедел жеткізу немесе лизинг бойынша алынған құрал-жабдықты ауыстыру қажет болған жағдайда, ал жаңа келісім-шарт жасауға қажетті уақыт болмаған жағдайда қолданылады. Бас лизинг режимінде келісім-шарттар бойынша қосымша құрал-жабдықты алуда қажеттілік туындаған жағдайда лизинг алушыға келісілген тізім бойынша талап етілен құрал-жабдықты жеткізуге сұрау салуды лизинг берушіге беру жеткілікті болады. Келісім жасалған кезеңнің соңында лизинг берушінің шығындарының әртүрлі уақытын есепке алғанда лизингтік төлемдердің қайта есептелуі жүргізіледі және жаңа келісім жасалынады.

Қатысушылар құрамына (субъектілерге) лизингтің келесі түрлері жатқызылады:

- *тікелей лизинг*, бұл кезде мүлік иесі (жабдықтаушы) объектіні лизингке өзі береді (екі жақты мәміле). Осы мәмілені *классикалық лизингтік мәміле* деп атауға болады, себебі ол жерде лизингтік компания қатыспайды.
- *жанана лизинг*, бұл кезде мүлікті лизингке беру делдал арқылы жүргізіледі. Осындай мәміле классикалық лизингтік операциямен ұқсас болады, себебі бұл жерде жабдықтаушы, лизинг беруші және лизинг алушы қатысады.
- *бөлінген лизинг* (көп жақтардың қатысуымен болатын лизинг) – *leveraged leasing*. Лизингтің осы түрі авиатехника, теңіз кемелері, теміржол және жылжымалы құралдар, бұрғы платформалары сияқты күрделі, ір імасштабты объектілерді қаржыландыру формасы ретінде таралған. Мұндай лизинг *топтық* немесе *акционерлік лизинг* деп аталады, бұл кезде бірнеше жабдықтаушы компаниялар, лизинг берушілер қатысады және бірқатар банктерден несиелік ресурстарды тарту, сонымен бірге лизингтік мүлікті сақтандыру және сақтандыру пұлдары арқылы лизингтік төлемдерді қайтару жүзеге асырылады. Лизингтің осы түрі аса

күрделі деп есептеледі, себебі оған көп каналды қаржыландыру тән. Лизингтің осы түрінің спецификалық ерекшелігі лизинг берушілер лизинг объектісін сатып алуға қажетті сомалардың бір бөлігін ғана қамтамасыз етеді. Бұл қаражаттар акцияларды шығару және мәмілелерді қаржыландыруға қатысатын лизинг берушілер арасында тарату жолымен тартылады және шоғырланады. Лизинг объектісінің қалған келісім-шарттық құны несиелі берушілермен (банктермен, басқа инвесторлармен) қаржыландырылады. Осы кезде несиелі берушілер лизинг берушілерден несиелер бойынша қарызды талап ету құқығына ие болмайды. Осы мәмілелерде қатысатын жақтардың көптігінен несиелі берушілердің сенімді адамы – қарыз берушілердің әрекеттерін үйлестіру үшін және лизинг берушілердің сенімді адамы – контрагенттердің біріккен әрекеттерін басқару үшін қатысады. Лизинг берушілердің сенімді адамы номиналды лизинг беруші ретінде әрекет етеді және құрал-жабдықтың иесі атағын алады. Ол акционерлер арасында пайданы бөледі.

Тікелей лизингтің негізгі формасы *қайтарымды лизинг (sale and leaseback arrangement)* болып табылады. Қайтарымды лизинг фирма – ғимарат, құрылыс немесе құрал-жабдық иесі осы меншікті қаржылық институтқа (банкке, сақтандыру компаниясына, инвестициялық қорға, лизингтік операцияларға арнайы бейімделген фирмаға) лизинг шартымен өзінің бұрынғы меншігін ұзақ мерзімді жалға беру туралы келісімді растаумен болатын өзара байланысты келісімдер жүйесін білдіреді. Қайтарымды лизинг берілген жағдайда кепілдік операцияның баламасы ретінде болады, осы кезде мәміле нәтижесінде оның жалға берушісі болатын меншікті сатушы өзінің басқаруына сатып алушыдан өзара келісілген сатып алу-сату мәмілесінің сомасын алады, ал сатып алушы осы операцияға қатысуды жалғастырады, бірақ ол жалға беруші ретінде болады. Қайтарымды лизинг ең алдымен айналым қаражаттары қажет болатын шаруашылық жүргізуші субъектілер үшін қажетті

болады. Қайтарымды лизингтің маңызды артықшылығы лизингтік операцияларға қатысушылар үшін берілетін салықтық жеңілдіктерді пайдалану мүмкіндігі болатын жаңа объектілерді қаржыландыру көзі ретінде эксплуатациядағы құрал-жабдықты пайдалану болып табылады. Қайтарымды лизинг капиталдық салымдарды төмен шығындармен қайта қаржыландыруға мүмкіндік береді.

Мүліктік типі бойынша лизинг келесідей бөлінеді:

- жылжымалы мүлік лизингі (құрал-жабдық, техника, автомобильдер, кемелер, ұшақтар және т.б.);
- жылжымайтын мүлік лизингі (ғимараттар, құрылыс).

Мүліктің өтелу дәрежесіне байланысты лизинг келесідей бөлінеді:

- *толық өтелумен* болатын лизинг, бұл кезде лизингтік келісім-шарттың әрекет ету мерзімі ішінде толық немесе толық емес мүлік амортизациясы болады және сәйкесінше лизинг берушіге мүліктің құнын төлеу жүзеге асырылады;
- *толық емес өтелумен* лизинг, бұл кезде бір лизингтік келісім-шарттың әрекет ету мерзімі ішінде мүліктің жарым-жартылай амортизациясы болады және оның тек бір бөлігі ғана өтеледі.

Өтелу белгілеріне (мүлікті амортизациялау шарттарына) сәйкес қаржылық және жедел лизинг деп бөледі.

Қаржылық лизинг (financial, capital lease)s – серіктестердің арасындағы келісім мерзімінің ішінде құрал-жабдықтың амортизациясының толық немесе оның көп бөлігін, лизинг берушінің қосымша шығындары мен пайдасын жабатын лизингтік төлемдерді төлеуді көрсететін өзара қарым-қатынастарды білдіреді. Сонымен қатар, уақытша пайдалануға берген лизингтік мүліктің белгілі мерзім ішінде өзінің толық амортизациялық құнын төлеп шығуымен немесе өзін-өзі өтеуімен байланысты сипатталады. Берілген лизингтің түрі келесі негізгі сипаттарға ие:

- *левередж*, лизинг беруші мен лизинг алушыдан басқа үшінші жақтың (өндірушінің немесе мәміле объектісін

жеткізушінің) қатысуымен жүзеге асырылатын инвестициялық лизинг;

- *қызмет көрсету лизингі*, яғни жалға берілген мүліктің қызмет көрсетуі бойынша қызмет түрін ұсыну;
- *«пакеттегі» лизинг* – инвестицияның ерекше түрі, яғни ғимарат пен құрылысқа несиелік берілсе, ал құрал-жабдықты жалға беру келісім-шартына сәйкес болғанда берілетін лизинг.

Лизингтік келісімнің мерзімі біткеннен кейін лизинг алушы мәміле объектісін қалдық құны бойынша сатып ала алады; қысқа мерзімге және жеңілдік мөлшерлеме бойынша жаңа келісім-шартқа отыра алады; мәміле объектісін лизингтік компанияға қайтаруға мүмкіндігі болады. Өзінің таңдауы туралы лизинг алушы лизинг берушіге айтуы қажет. Егер келісім-шартта мәміле объектісін алдын ала сатып алу (опцион) қарастырылса, онда тараптар лизингке берілетін объектінің қалдық құнын алдын ала анықтайды.

Жедел (сервистік) лизинг (*service, operating leases*) – жалға берілетін мүліктерді сатып алу және қолдануға байланысты лизинг берушінің шығындары бір лизингтік келісім-шарт ішінде жалға беру төлемдерімен жабылмайтын жалға беру қатынастарын білдіреді. Ол 2-5 жылға жасалады. Жедел лизинг кезінде объектінің бұзылу немесе жоғалу тәуекелі лизинг берушіде болады. Лизингтік төлемдер мөлшерлемесі шығындардың өтелу кепілдігінің жоқтығынан қаржылық лизингке қарағанда жоғары болады. Жедел лизингтік келісім-шарт біткеннен кейін лизинг алушы аса тиімді шарттармен келісім-шарттың мерзімін ұзартуға, құрал-жабдықты лизинг берушіге қайтаруға, нарықтық баға бойынша құрал-жабдықты лизинг берушіден сатып алу келісімі (опцион) бар болған жағдайда сатып алу құқығына ие болады.

Лизингтік операциялар жүргізілетін *нарық секторына байланысты* келесідей бөлінеді:

- *ішкі лизинг*, бұл кезде мәміленің барлық жақтары бір мемлекетті білдірсе;

- *халықаралық лизинг*, бір тарап немесе барлық тараптардың әр елден болуын сипаттайды.
- *сыртқы (халықаралық) лизинг* – мәміленің тек бір жағы ғана болса, онда ол басқа мемлекетке жататын мәмілелер болады. Сыртқы лизинг, өз кезегінде, шетел жағы лизинг беруші болып табылатын импорттық және шетел жағы лизинг алушы болып табылатын экспорттық лизингке бөлінеді.

Салықтық, амортизациялық жеңілдіктерге қатысты лизингтің келесідей түрлері болады:

- мүлікке, пайдаға, қосылған құн салығы, әртүрлі алымдарға, жеделдетілген амортизацияға салық салу бойынша жеңілдіктерді пайдалану. Мысалы, берілген лизинг түрі ағылшын және американдық фирмалармен сыртқы экономикалық сферада 1980 жылдарда кең қолданылды. Мәмілелер лизинг берушінің шетелге жалға берген машиналар мен құрал-жабдықтарға инвестицияларды жеңілдіктермен алуына негізделген. Бұл мәмілелер лизинг алушылардың өз мемлекеттерінде салық салу кезінде жеңілдіктерді пайдалана отырып, амортизациялық аударымдарды жасайтын, ал шетел лизинг берушілермен жасанды жалға беру мөлшерлемелері бойынша есептескен. Мысалы, 4 ағылшын лизингтік компаниясы 140 млн доллар тұратын сегіз «Боинг» ұшағының лизингі бойынша осы техниканы американдық фирмалардан сатып ала отырып мәмілеге отырған және оны сол американдық фирмаларға лизингке берген. Салықтық жеңілдік 20 млн долларға жуық болған.
- жеңілдіктерді пайдаланбау.

Лизингтік төлемдер сипаты бойынша лизингті келесідей түрлерге бөлу жүзеге асырылады:

- лизинг түріне (қаржылық, жедел);
- лизинг беруші мен лизинг алушы арасындағы есептесу формалары:
 - ✓ ақшалай, бұл кезде барлық төлемдер ақшалай формада жүргізіледі;

- ✓ компенсациялық, бұл кезде төлемдер лизингке берілген құрал-жабдықта өндірілген тауарларды жеткізу формасында немесе лизинг алушы мен лизинг берушінің бір-біріне көрсететін қызметтерді есепке алу жолымен жүзеге асырылады;
- ✓ аралас, бұл кезде төлемнің көрсетілген екі формасы да қолданылады;
- төлем бойынша есепке алынатын элементтерінің құрамы (амортизация, қосымша қызметтер, лизингтік маржа, сақтандыру және т.б.);
- қолданылатын есептеу әдісі:
 - ✓ тіркелген жалпы сомасы;
 - ✓ аванспен (депозитпен);
 - ✓ мүлікті қалдық құны бойынша сатып алуды есепке алғанда;
 - ✓ салу мерзімдерін есепке алғанда (төлем кезеңінің басында, ортасында немесе соңында);
 - ✓ төлеу тәсілін есепке алғанда: тең бөліктермен; өсетін және төмендейтін мөлшерлемелермен (лизинг алушының қаржылық жағдайына және келісім-шарттарына тәуелді).

Банктердің лизингтік операциялары несиелік операциялармен ұқсас болып келеді. Алайда, лизингтің несиеден бір айырмашылығын келісім-шартта көрсетілген төлемдер төленіп, мерзімі аяқталғаннан кейін де лизинг объектісінің лизинг берушінің меншігінде қала беруінен көруге болады. Ал, несиелеу банктің меншік объектісі ретінде қарыз алушының берген кепілдігі қалады.

Лизингті төлемдердің жалпы сомасының есебі келесідей формуламен есептеледі:

$$ЛТ = АА + НТ + КТ + ҚТ + ҚҚС,$$

мұнда:

ЛТ – лизингтік төлемдердің жалпы сомасы;

АА – ағымдағы жылдағы амортизациялық аударымдар сомасы;

НТ – лизинг берушінің несиелік ресурсты пайдаланғаны үшін төлем;

КТ – лизингтік келісім-шарт бойынша мүлікті бергені үшін лизинг берушіге комиссиялық төлем;

ҚТ – көрсеткен қызмет үшін қосымша төлем;

ҚҚС – лизинг берушінің көрсеткен қызметі үшін лизингті алушының төлейтін қосылған құнға салынатын салық.

Көптеген мәмілелерде кемінде үш келісім-шарт жасалады:

- 1) лизинг беруші мен лизинг алушы арасында;
- 2) лизинг беруші мен жабдықтаушы арасында;
- 3) лизинг алушы мен банк арасында.

Лизинг келісім-шартында лизинг алушының келісім-шарттың мерзімі біткеннен кейін немесе біткенге дейін лизингтік мүлікті сатып алу құқығы қарастырылған.

Лизинг беруші лизингтік мүлікті, егер лизинг келісім-шартында ескерілмесе, кепіл ретінде пайдалануға құқылы.

Лизинг беруші лизинг алушы үшін мүлікті сатып ала отырып, сатушыны осы мүліктің белгілі бір тұлғаға жалға (лизингке) беруге арналғаны туралы ескертуі қажет. Лизинг алушыға лизингтік мүлікті жеткізу кезінен бастап сатушыға мүліктің сапасы, жинақтылығы, жеткізу мерзімі және сатушы мен лизинг алушы арасындағы сатып алу-сату келісім-шартын дұрыс орындамау жағдайларында шағым беруге құқығы бар.

Іс-жүзінде кез келген лизингтік келісім-шарт келесідей элементтерді қамтуы тиіс:

- объектісі;
- жабдықтау мерзімі;
- лизингке алу мерзімі;
- лизингке берушінің меншікті құқығы;
- тәуекелдер, жауапкершілік, техникалық кепілхат;
- құрал-жабдықты пайдалану;
- күту, жөндеу және жаңарту;
- зиян, қолайсыз жағдайлар;
- сақтандыру;

- лизингтік төлемдер;
- төлемдерді кешіктіргені үшін өтем;
- сатып алу мүмкіндігі;
- келісім-шартты бұзу шарты;
- құрал-жабдықты қайтару;
- салықтар, баждар;
- жаңа міндеттемелердің пайда болуы;
- тараптардың қосымша құқықтары;
- кешіктіру шарты;
- тараптардың қолдары;
- қалдық құнын кепілдеу;
- банктердің кепілдемесі;
- тараптардың орналасқан жері.

3.3 || Лизингтің артықшылықтары мен кемшіліктері

Лизингтік операция қызметтің экономикалық формасы ретінде өзіне несиенің, жалға берудің және инвестицияның элементтерін жатқызады. Лизингтің кеңінен таралуының басты себебі – басқа қаржыландыру формаларына қарағанда *бірқатар артықшылықтарының* болуымен сипатталады:

- лизинг көмегімен кепілге беретін мүлкі жоқ ұсақ кәсіпорындарды несиелеуге болады. Мысалы, лизингтік мәміле жасалған мерзім бойынша лизинг объектісі лизингке берушінің меншігінде қалады да, лизинг алушы банкротқа ұшыраған жағдайда несиелік тәуекел болмайды;
- лизинг 100%-ке дейін несиелеуді ұсынады, яғни кәсіпорынға қысқа мерзім ішінде өзінің меншікті капиталын жұмсамай-ақ, жаңа құрал жабдықты пайдалана отырып, өнеркәсіптік өнім шығаруға және пайда табуға мүмкіндік береді;

- кәсіпорынға мүлікті несиеге алғаннан гөрі лизинг бойынша алған қолайлы, себебі, ол мүлік кепіл ретінде болады;
- құрал-жабдықтар лизинг берушінің меншігінде болғандықтан, өнімнің өзіндік құнына лизингтік төлемдер ғана қосылып, мүлікке салынатын салықты жалға берушінің өзі төлейді, сөйтіп лизинг алушы салық жеңілдігін алады.

Жалға берушілер үшін лизингтің артықшылықтары:

- лизинг 100% қаржыландырылады және қарыздың бүкіл сомасының қайтарылуын талап етпейді;
- жалға беру қаржыландырылатын активтердегі қажеттіліктерге сәйкес жалға берушінің қаржыландыруын қамтамасыз етеді, бұл әсіресе ұсақ қарыз алушылар үшін тиімді. Лизингтік келісім жалға берушілердің спецификалық ерекшеліктерін есепке ала отырып жасалады;
- көптеген жалға берушілер ұзақ мерзімді қаржылық жоспарларға ие, осы жоспарларды жүзеге асыру ішінде қаржылық мүмкіндіктер шектеулі. Лизинг осы шектеулерден өтуге мүмкіндік береді, инвестициялық және қаржылық жоспарлау кезінде үлкен мобильділікке мүмкіндік туғызады;
- лизинг кезінде активтерді сатып алу және қаржыландыру мәселелері бір уақытта шешіледі;
- лизинг арқылы активтерді сатып алу «қаржыландырудың алтын ережесін» орындайды, осы ережеге сәйкес қаржыландыру активті пайдаланудың бүкіл мерзімі ішінде жүзеге асырылуы қажет. Егер активті сатып алу кезінде қарыз капиталы пайдаланылса, онда қарызды активті пайдалану мерзімінен тез өтеу талап етіледі;
- лизинг жалға берушінің шешім қабылдауындағы икемділікті жоғарылатады. Лизингтік келісім-шарттар ішінен жалға беруші оның талаптарына және мүмкіндіктеріне жауап беретінін таңдай алады;
- лизингтік төлемдер тіркелген кесте бойынша жүзеге асырылатындықтан, жалға беруші капитал салымдарын

қаржыландыруға кететін шығындарды және қаржылық жоспарлардың тұрақтылығын қамтамасыз ете отырып, өнімнің өткізілуінен түсетін түсімдерді үйлестіруге мүмкіндігі көбірек болады;

- лизинг берушінің меншігі болып табылатын лизингтік мүлік инвестициялық қаражаттарды қамтамасыз етудің бір бөлігі болып есептелетіндіктен, сол активтерді сатып алуға алынатын ссуданың орнына лизинг бойынша келісім-шартты алу оңай болады;
- лизингті пайдалану кезінде жалға беруші активтерді сатып алғанша көп өндірістік қуаттарды пайдаланып отырады. Уақытша бос қаржылық ресурстарды жалға беруші басқа мақсаттарға пайдаланады;
- лизинг өндіріс өнімін өткізу құралы болып қызмет ететіндіктен, мемлекеттік саясат лизингтік операцияларды қолдауға және кеңейтуге бағытталады;
- жалға берушінің төмен табыстылығы жағдайында ол пайдаға жеңілдетілген салық салуды алуға мүмкіндігін беретін қайтарымды лизингті қолдана алады;
- лизинг маңызды қаржылық ресурстары жоқ жалға берушіге ірі жобаны бастауға мүмкіндік береді;
- келісім-шарттың аяғында лизинг мүлкінің жоғары өтімділік құнын алудың мүмкіндігі көп жағдайларда жалға берушілердің лизингті қабылдауы үшін анықтаушы факторы болып табылады.

Лизингтің *лизингтік компаниялары* үшін артықшылықтары:

- лизингке берілетін мүлікке құқықтар мен маңызды салықтық жеңілдіктерді береді;
- лизингке берілетін мүлік лизинг берушіде қалатындықтан, ол осы мүлікті өндірістік емес мақсаттарға пайдалана алады (мысалы, несиелік ресурстардың қайтарымдылығының қосымша қамтамасыз ету объектісі ретінде);
- лизинг мүлкінің жеделдетілген амортизациясынан кейін жоғары өтімділік құны өтеледі. Лизинг мүлкін жүзеге асырғаннан кейін оның бір бөлігін қайтару үлкен пайда алып келеді;

- лизинг беруші жағынан лизингтік мүлікті сатуға көмек береді. Осындай келісімдерге сәйкес сатушы лизинг берушінің атынан клиенттерге лизингтің көмегімен өзінің өнімін жеткізуді қаржыландыруды ұсынады;
- мүлік формасындағы инвестициялар ақшалай несиеге қарағанда қаражаттарды қайтармау тәуекелін төмендетеді, себебі лизинг беруші лизингке берілген мүлікке меншік құқықтарын сақтайды;
- лизингтік операцияны дайындау және жүргізу кезінде негізгі рөл лизинг берушіде қалады. Осы қызметтердің құны лизинг берушінің комиссиялық сыйақыдан кем емес бөлігін алады;
- лизинг беруші қызметті жалғастыру және кеңейту үшін қосымша қаржылық ресурстарды алуға мүмкіндігі болады;
- лизинг қаржылық ресурстарды тікелей материалдық ресурстарды сатып алуға бағытталады, осыған байланысты несиелік ресурстардың мақсатқа лайықсыз пайдаланылу мәселесін шешеді;
- өндірістік құрал-жабдыққа инвестициялар лизинг бойынша міндеттемелерді жабатын табыстың генерациялануына лизинг арқылы кепілдік береді.

Лизингтік мүлікті сатушы үшін лизингтің артықшылықтары:

- лизингтік мүлік сатушы өз өнімінің қосымша өткізу мүмкіндіктерін алады;
- сатушы үшін мәміле төмен тәуекелді болып көрінеді, себебі лизинг беруші өзіне лизингтік төлемдер арқылы мүліктің құнын қайтару тәуекелін өзіне алады.

Сонымен қатар, лизингтік *операцияларға қатысатын банктер үшін* келесідей артықшылығы бар:

- банктер ең алдымен мәміленің құнын төмендететін салықтық артықшылықтарға ие болады. Бұл фактор Батыс елдерінде лизингтің дамуына мүмкіндік туғызды. Мәміленің төмен құны жобаларды жүзеге асыру мүмкіндігін жоғарылатады, қарыз алушылар үшін қарыз

ауыртпалығын төмендетеді және нәтижесінде ұсынылатын заемдардың сапасын жоғарылатады;

- лизингке шетелде өндірілген құрал-жабдықты беру шетелдік қаржылық мекемелерден арзан ақша қаражаттарын немесе өз өнеркәсібінің өнімдерін Қазақстанға экспорттауда мүдделі мемлекеттердің ақша қорларын тартуға мүмкіндік береді.

Жалға беруші мемлекет үшін лизингтің артықшылықтары:

- лизинг қаржыландыру көздері арасында бәсекелестікті жоғарылатады;
- лизинг капитал салымдарының жалпы деңгейін жоғарылатады;
- лизингтік мәмілелердің сомасы ұлттық берешекті санауда есептелмейді, яғни басқа мемлекеттер бойынша Халықаралық валюталық қормен бекітілген несиелік берешектің лимиттерін ашу мүмкіндігі туады.

Жоғарыда келтірілген артықшылықтармен қатар лизинг қаржы-несиелік сферада және шешілмеген бухгалтерлік мәселелерде көрінетін маңызды кемшіліктерге де ие. Ұзақ мерзімді несиеден лизинг көп қатысушыны білдіретін ұйымдастыру күрделілігімен ерекшеленеді.

Лизингтің кемшіліктері:

- несие берушінің көзқарасымен қарағанда, лизингтік несиенің мақсатты пайдалануына ешқандайда қадағалау болмайды;
- жалға алушы құрал-жабдықтардың қалдық құнының жоғарылауынан ештеңе ұтпайды;
- лизингтік мәмілені ұйымдастырудың күрделілігі;
- лизинг құнының несиеге қарағанда жоғарылығы. Ескіріген құрал-жабдық бойынша тәуекел лизинг берушіде, сондықтан ол комиссияны көбірек алуға тырысады.

Жалға беруші үшін лизинг келесі кемшіліктерді алып келуі мүмкін:

- қаржылық лизинг кезінде жалға беру төлемдері келісім-шарттың соңына дейін тоқтатылмайды;

- жалға беруші құрал-жабдықтың қалдық құнында ұтыс алмайды;
- салықтық негізде құрылған қайтарымды халықаралық лизинг беруші мемлекет үшін залал алып келеді;
- халықаралық мультивалюталық лизингтік мәмілелер кезінде валюталық тәуекелдерден толық кепілдемелер болмайды (мәселе бір қатысушыдан екіншісіне аударылады).

Лизингтің артықшылықтары мен кемшіліктерін жай ғана атап шығу оның тиімді инвестициялық форма екендігін дәлелдейді.



БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ

1. *Лизингтің пайда болуы.*
2. *Лизинг дегеніміз не?*
3. *Лизингтің түрлерін анықтаңыз.*
4. *Лизинг қалай жіктелінеді?*
5. *Лизингтің артықшылықтары мен кемшіліктері анықтаңыз.*
6. *Шетел тәжірибесіндегі лизингтік қызметті ұйымдастыру.*
7. *Лизингтік қызметтің түрлерін анықтаңыз.*
8. *Қаржыландыру құрамына байланысты лизингті анықтаңыз.*
9. *Қатысушылар құрамына байланысты лизингті анықтаңыз.*
10. *Мүліктік құрамына байланысты лизингті анықтаңыз.*

4. ИПОТЕКАЛЫҚ НЕСИЕЛЕУ – ИНВЕСТИЦИЯНЫ ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ ӘДІСІ РЕТІНДЕ

4.1 || Ипотекалық несие түсінігі және оның Қазақстанда дамуы

Ипотекалық несиелеу – жылжымайтын мүлік объектілерін сатып алуға және салуға (қайта құруға) несиелер беру. Сонымен қатар, көптеген нарық субъектілерінің өзара әрекетін білдіретін маңызды экономикалық және әлеуметтік функцияларды орындайтын несиелік қатынастардың формасы болып табылады. Жылжымайтын мүлікті несиелеудегі ең ірі бағыттар – тұрғын үйді сатып алу және салуға, жер учаскелерін игеруге, коммерциялық және өнеркәсіптік мақсаттағы құрылысқа берілетін ссудалар.

Сонымен қатар, ипотекалық несие берілген жылжымайтын мүлікті сатып алу (салу) мақсатында жылжымайтын мүлік объектісінің кепіліне ақшалай немесе ипотекалық облигациялар формасында берілетін несие. Ипотекалық несиенің мәні жылжымайтын мүлікті арнайы құжаттармен – ипотека келісім-шартымен жасалатын қамтамасыз ету формасы ретінде емес, оның мақсатты пайдаланылуы – жылжымайтын мүлікті сатып алу немес салу болып табылады.

Ипотекалық несие беру – тұрғын үй саласына инвестициялар тартудың ең тиімді тәсілдерінің бірі. Ипотека ғана *халықтың* тұрғын үй жағдайларын жақсартудағы, *банктердің* тиімді және пайдалы жұмыс істеуіндегі, құрылыс *кешенінің* өндірісті қалыпты жұмыспен қамтудағы және экономикалық өсуге ынталы мемлекеттің мүдделерін үйлестіруге мүмкіндік береді, бұған халыққа ипотекалық несие берудің кең таралуы ықпал етеді.

Қазақстанда азаматтарға ипотекалық несиелер беруді екінші деңгейдегі банктер 1998 жылдан бастап жүзеге асырып келеді. Бастапқыда ипотекалық несиелер бойынша сыйақының мөлшерлемелері жылдық 20%-ті құрады, бастапқы жарна мөлшері 40-50% шамасын құрады, несие 5-10 жылдан аспайтын мерзімге берілді.

Алайда, ипотекалық несие беру жүйесінің осындай дамуы кезінің өзінде қызметтер көрсетудің бұл түрі қазіргі уақытта Қазақстан Республикасы азаматтарының жекелеген санаттарына ғана қолжетімді. Негізгі себептердің бірі халықта сыйақы мен бастапқы жарнаны төлеу үшін жеткілікті қаражаттың жоқтығы болып табылады. Осы проблеманы шешу үшін Қазақстан ипотекалық компаниясы және Қазақстан ипотекалық несиелерге кепілдік беру қоры құрылды.

ҚИК қызметінің мақсаты – екінші деңгейдегі банктердің ипотекалық несиелер беру көлемін ұлғайту үшін ипотекалық несиелер бойынша талап ету құқықтарын сатып алу жолымен екінші деңгейдегі банктерді қайта қаржыландыру болып табылады.

ҚИК инфляцияның, инвесторлар маржаларының, ҚИК маржаларының, сақтандыру резервтері мен эмиссияға жұмсалатын шығыстардың деңгейіне байланысты болатын бағамды мөлшерлеме бойынша талап ету құқығын сатып алады.

ҚИКБҚ қызметінің мақсаты – екінші деңгейдегі банктер мен ипотекалық несие беруші ипотекалық компаниялар, инвесторлар мен сақтандыру ұйымдары арасындағы несиелік тәуекелдерді бөлу жолымен ипотекалық несиелерге қолжетімділікті арттыру үшін қолайлы жағдай жасау болып табылады.

Ипотекалық несиелерге кепілдік беру жүйесін құру Қазақстанға ипотекалық несиелер нарығын оңтайландыруға және кеңейтуге мүмкіндік берді. Ипотекалық несиелерге кепілдік беру (сақтандыру) жүйесі несиенің бүкіл мерзімі ішінде таза шығындың 100%-іне дейін ҚИКБҚ-тың жабуын көздейді.

Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының жергілікті атқарушы органдарына қайтарымды негізде республикалық бюджеттен бөлінетін қаражат есебінен салынған тұрғын үйді

сату бағдарламасына ҚИКБҚ қатысуының үлес салмағы тұтастай алғанда республика бойынша пайдалануға берілген, пәтерлер санының 51%-ін, сатылған пәтерлер санының – 61%-ін құрады. Бұл, жалпы алғанда республика бойынша бюджет есебінен салынған әрбір екінші пәтерді азаматтар ҚИКБҚ-тың жәрдемімен алғанын көрсетеді.

Республиканың 7 өңірінде, оның ішінде Алматы және Астана қалаларында екі көрсеткіш бойынша үлес салмағы жоғары.

4.2 || Ипотекалық несиенің ерекшеліктері және айрықша белгілері

Ипотекалық несиенің анықтамасынан және оның бірқатар ерекшеліктерінен оның келесідей *айырықшы белгілерін* бөліп көрсетуге болады:

- несие берушінің талаптары жылжымайтын мүлікпен қамтамасыз етілген;
- ипотека кепіл беруші ипотека объектісіне жеке меншік құқығына ие болған жағдайда ғана туындайды;
- ипотека белгілі мерзімде және талап ету мөлшерінде болады;
- ипотека ұзақ мерзімді сипатқа ие (ипотека 10-25 жылға беріледі);
- берілетін қарыз сомасы бойынша маңызды болады.

Жылжымайтын мүлік кепілдігіне берілетін ссуданың мөлшері ипотека объектісінің нарықтық құнынан төмен болады – 40-70% (қалған бөлігі сот шығындарын және егер талап (несиелік келісім-шарт) орындалмайтын болса, ипотека объектісін сатумен байланысты несие берушінің басқа шығындарын жабуға жұмсалады).

Кепілге салынған жылжымайтын мүлік несиелік келісім-шарт біткеннен дейін қарыз алушының қолында қалады.

Ипотекалық бизнестің құрылуы экономиканың нақты секторында позитивті жақтарға ие (құрылыстың өсуі, өндірістің модернизациясы және т.б.), әлеуметтік тұрақсыздықты жеңуге оң әсер етеді, елдің банктік және жалпы несиелік жүйесінің тұрақтылығы мен тиімділігін арттыруда маңызды рөл атқарады.

Несиелік қызметтің берілген түрі *несие берушілерге белгілі артықшылықтарды* береді:

- несиелеу кезіндегі салыстырмалы төмен тәуекел, себебі ипотекалық несиелер сенімді және өтімді актив – жылжымайтын мүлікпен қамтамасыз етілген;
- несиелердің ұзақ мерзімді сипаты қаржылық жоспарлау тұрғысынан несие беруші үшін белгілі қолайлылық туғызады;
- жылжымайтын мүлікті қаржыландыру дамыған жүйенің бар болуы кезінде ипотекалық несиелер мен кепілдерді екінші нарықта сатуға болады;
- мемлекеттен салықтық және басқа жеңілдіктерді алу мүмкіндігі;
- ипотекалық бағалы қағаздарды шығару жолымен қосымша қаржылық ресурстарды тарту мүмкіндігі.

Жылжымайтын мүлікті сатып алу кезінде қарыз қаражаттарын пайдалану мүмкіндігі *қарыз беруші (инвестор) үшін бірқатар артықшылықтарды* құрайды.

- өзіндік қаражаттардың көлемінен асатын жылжымайтын мүлік объектісінің төлем мерзімін ұзарту арқылы сатып алу мүмкіндігі;
- шектеулі өзіндік қаражаттарды аралас қаржыландырумен бірнеше жобаларға салу мүмкіндігі, ол инвестициялық портфельдің әртараптану дәрежесін жоғарылатуға мүмкіндігі;
- өзіндік капиталға табыстың жоғары мөлшерлемесін алу үшін қаржылық левередж тиімділігін қолдану мүмкіндігі;
- жылжымайтын мүлікті сату кезінде жүзеге асырылатын өтелген қарыз мөлшеріне инвестициялық кезең соңына өзіндік капитал құнының ұлғаюы;

- жылжымайтын мүлікке салынатын инвестициялардың болашағы бар, себебі жылжымайтын мүлікпен жасалатын операциялар келешек құндылыққа ие, яғни олар уақыт өткеннен кейін қайтарымдылықты береді;
- жылжымайтын мүлікке қаражаттарды салу инфляцияға қарсы тұрақты құрал болып табылады.

4.3 || Қазақстандағы ипотекалық несиелеу жинақтарының жүйесі

Тұрғын үй құрылысы жинақтарының жүйесі Қазақстан Республикасының аумағында тұрғын үй жағдайын жақсарту үшін қарыз алу мақсатында жеке жинақтардың (қазіргі кезде тұрғын үй құнының 25%-нен кем емес) қорлануына негізделген тұрғын үйлерді қаржыландыру тетігін білдіреді.

Тұрғын үй құрылысы жинақтарының бұл жүйесі көп жағдайда екінші деңгейдегі банктерден ипотекалық несиелер алу кезінде бастапқы жарнаны енгізу үшін жеткілікті қаражаты жоқ, бірақ жеткілікті тұрақты кірісі бар азаматтардың санаттарына арналған.

Құрылыс жинақтары субъектілері арасындағы қатынастардағы мемлекеттің рөлі Қазақстан Республикасының азаматтары салымшыларға көрсетілген жинақтарға салымдар бойынша сыйақы төлеу жолымен тұрғын үй құрылысы жинақтарының жүйесіне қолдау көрсету болып табылады.

Әр мемлекеттің өз стратегиялық мақсаттары мен міндеттері бар. Қазақстан үшін әлеуметтік саясаттың маңызды бағыттарының бірі – азаматтарды қолжетімді, әрі сапалы тұрғын үймен қамтамасыз ету. 2000 ж. 7 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасында тұрғын үй құрылысы жинағы туралы» ҚР Заңымен реттелген тұрғын үй құрылыс жинақ жүйесінің

қалыптасуына экономикалық өсім мен мемлекеттің әлеуметтік бағдары негіз болды.

«Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ – еліміздегі тұрғын үй құрылыс жинақ жүйесін жүзеге асыратын бірден-бір банк. ТҚЖ жүйесі салымшылардың ақшасын тұрғын үй құрылыс депозиттеріне тарту және оларға тұрғын үй заемдарын беру арқылы халықтың тұрғын үй жағдайын жақсартуға бағытталған.

«Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» – банк салымшылары және салымдар бойынша сыйақыларды тұрғын үй құрылыс жинақ банкіне аудару мен төлеуді жүзеге асыратын мемлекеттік құрылыс жинақтары жүйесінің қатысушысы болып табылады.

2003 жылдың шілде айында «Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу туралы куәлік алды. 2018 жылдың қыркүйек айында банктің филиал желісін дамыту және салымшыларды тұрғын үй құрылыс депозиттеріне тарту бойынша кең көлемде жұмыс атқарылды.

2005 жылы банк алғаш рет заем берді. Бұл – аралық заем еді. 2006 жылы шығынсыз қызметке көшіп, алғашқы тұрғын үй заемын берді. 2007 жылы Банк Moody’s халықаралық рейтинг агенттігінен рейтинг алды. Сондай-ақ, «Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ қазақстандағы банктердің алғашқысы болып ISO9001:2000 сапа менеджменті жүйесіне сәйкестік сертификатын алды. Сыртқы тәуелсіз сертификаттау органы бұл сертификатты жыл сайын растап отырады.

Сондай-ақ «Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ-ның мемлекеттік және салалық бағдарламаларға қатысу көлемі елеулі түрде кеңі түсті. Оның үстіне, банк тұрғын үй құрылыс жинақ жүйесі арқылы тұрғын үйді өткізу бойынша жекеменшік құрылысшылармен ынтымақтастық жасаса бастады.

2018 жылғы салымшылардың жинағы 669 798 млн теңгені құрады. Ағымдағы жылы шарттық сомасы 279 591 млн теңгені құрайтын 91 270 ТҚЖ шарты жасалып, сомасы 88 477 млн тең-

гені құрайтын 8 842 заем берілді. Қазіргі несиелік портфель 715 031 млн теңгені құрады.

Банкке Республикалық бюджеттен және ұлттық қордан 168 400 млн теңге сомасында несиелік қаржы бөлінді, 2018 жылғы жағдай бойынша, бөлінген қаражаттың 143 170 млн теңгесі игерілді.

«Нұрлы жер» тұрғын үй құрылысы бағдарламасының қатысушыларына алдын ала және аралық тұрғын үй заемдарын беру үшін «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-ынан ТҚЖБ-не 22 000 млн теңге сомасында қаражат бөлінді. 2018 жылғы жағдай бойынша, осы бағдарлама бойынша белгіленіп алынған сома толық көлемде игерілген.

Алматы қ. әкімдігі 2017 жылдың 18 қыркүйегінде бекіткен «Жастарды қолдау жер картасы-2020» бағдарламасының қатысушыларына алдын ала және аралық тұрғын үй заемдарын беру үшін Алматы қаласының әкімдігінен ТҚЖБ-не 2 196 млн теңге сомасында бюджеттік қаражат бөлінді. 2018 жылғы жағдай бойынша, осы бағдарлама бойынша белгіленіп алынған сома толық көлемде игерілді.

«Нұрлы жер» тұрғын үй құрылысы бағдарламасының қатысушыларына алдын ала және аралық тұрғын үй заемдарын беру үшін ҚР-ның Қаржы министрлігінен ТҚЖБ-не 8 000 млн теңге сомасында қаражат бөлінді. 2017 жылғы жағдай бойынша, белгіленіп алынған сома толық көлемде игерілген.

«Нұрлы жер» тұрғын үй құрылысы бағдарламасының қатысушыларына алдын ала және аралық тұрғын үй заемдарын беру үшін ҚР-ның Қаржы министрлігінен ТҚЖБ-не 24 000 млн теңге сомасында қаражат бөлінді. 2018 жылғы жағдай бойынша, белгіленіп алынған сома толық көлемде игерілген.

Ал тұрғын үй заемын беру мерзімі – 6 жылдан 25 жылға дейін. Мемлекет тұрғын үй құрылыс жинақ банкі салымшыларының депозиттеріне сыйақы төлеп, тұрғын үй құрылыс жинақ жүйесіне қаржылық қолдау көрсетеді. Мемлекеттің жыл сайынғы сыйлықақысы ынталандырылатын салым сомасының 20% көлемінде (бірақ 200 АЕК-тен артық емес).

«Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ сенімділік, сенім, ашықтық және клиенттері, әрі серіктестерімен өзара қарым-қатынасының жоғары сапасы қағидаттарын сақтай отырып, тұрғын құрылыс жинақ жүйесіне қатысу үшін экономикалық тұрғыдан белсенді ел халқының кеңінен қамтылуына ұмтылады.

Банктің ұйымдастырушы құрылымына Алматы қаласындағы Орталық аппарат пен 17 аймақтық филиал кіреді.

Банктің миссиясы – Қазақстандық отбасыларды жеке баспанамен қамтамасыз ету және Отанға деген сезімді нығайту

Банктің стратегиясы – 2023 жылы – тұрақты, жоғары технологиялы, клиентке бағдарланған әлеуметтік маңызы бар, тұрғын үй құрылыс жинақ жүйесінің қағидаларын іске асыратын, мемлекеттік бағдарламалардың іске асырылуына белсенді түрде қатысатын, халықтың кең ауқымын баспанамен қамтамасыз ету үшін тұрғын үй құрылысын дамытуға қолдау көрсету.

«Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ жалғыз акционері – «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі». Ол 2013 жылы құрылған.

Негізгі міндеті – жеке меншік құқы бар, сонымен қатар ұлттық даму институттары, ұлттық компаниялар, басқа заңды тұлғалар сеніп басқаруға берген акциялар пакетін (қатысу үлесі) басқару болып табылады. Холдинг Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 22 мамыр күнгі № 571 Жарлығына орай даму институттарын, қаржылық ұйымдарды басқару жүйесін оңтайландыру мен ұлттық экономиканы дамыту мақсатында құрылған. 2014 жылдың соңына қарағанда, Холдинг өзінің аясына 11 еншілес ұйымды біріктірді. «Бәйтерек» холдингінің маңызды міндеттерінің бірі – Холдинг компаниялары тобының тиімді және бір-бірін толықтыратындай жұмыс істеуін қамтамасыз ету болып табылады.

Холдингтің еншілес ұйымдары

- Ірі жобаларды және кәсіпорындарды қаржыландыруға, ҚР-сын индустриалды-инновациялық дамытудың 2015-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыруға қатысатын даму институттары: «Қазақстан Даму

банкі» АҚ, «Қазына Капитал Менеджменті» АҚ, «Қазақстанның инвестициялық қоры» АҚ, «KazakhExport» Экспорттық сақтандыру компаниясы» АҚ, «Kazakhstan Project Preparation Fund» ЖШС.

- Инновациялық қызметтің, шағын және орта бизнестің дамуына қолдау көрсетіп, «Бизнестің жол картасы-2020» бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасы іске асырушы институттар: «Технологиялық даму жөніндегі ұлттық агенттік» АҚ, «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ.
- Жылжымайтын мүлік, тұрғын үй құрылысы жинақтары саласындағы жобаларды және «Нұрлы жер» тұрғын үй құрылысы бағдарламасын іске асыруға қатыстырылған қаржылық ұйымдар мен ұлттық компаниялар: «Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ, «Қазақстан Ипотекалық Компаниясы» Ипотекалық ұйымы» АҚ, «Бәйтерек девелопмент» АҚ, «Тұрғын үй құрылысына кепілдік беру қоры» АҚ.

4.4

Қазақстандағы ипотекалық несиелеудің қазіргі жағдайы

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауында «Сапалы әрі қолжетімді тұрғын үй. Бүгінде біз тұрғын үй құрылысына зор серпін беріп отырған «Нұрлы жер» бағдарламасын табысты іске асырудамыз. Тұрғын үй ипотекасының қолжетімділігін арттыратын жаңа ауқымдағы «7-20-25» бағдарламасы қолға алынды» – делінген.

«7-20-25» бағдарламасын жүзеге асыру үшін Ұлттық банк пен Үкімет бірлесе жұмыс істейді. Ұлттық банктің, екінші деңгейдегі банктер мен қор нарығының мүмкіндіктері іске

қосылды. Ұлттық банк кемінде 1 трлн теңге қаржыны тартатын арнайы компания құрып, оны банктердің жоғарыда айтылған шарттарына жауап беретін жаңа ипотекалық несиелерін сатып алуға жұмсады. Бағдарламаны жүзеге асыру нәтижесінде миллион қазақстандық баспана алу мүмкіндігіне ие болады

Бағдарлама төрт кезеңде іске асырылады:

Бірінші кезеңде банктер мен қор нарығының мүмкіндіктерін барынша іске қоса отырып, ипотекалық несиелердің секьюритилендіру тетігін қалпына келтіреді.

Секьюритилендіру – бағалы қағаздар шығару арқылы қаржы тартудың формасы.

Ұлттық Банк Басқармасы 100% еншілес арнайы компанияны – Бағдарламаның операторын құру мәселесін қарастырады. Оның капиталы Ұлттық Банктің қаражаты есебінен қалыптасады. Капитал компанияға «7-20-25» формуласы бойынша ипотекалық несиелерді сатып алу рәсімін іске қосу үшін нарықтық талаптармен қаржы нарығынан қаражат тарту үшін қажет. Бұл – секьюритилендіру тетігі.

Екінші кезең. Бағдарламаны тиімді іске асыру үшін осы компанияны қаржы агенттігі тануы керек. Яғни, бұл – компанияның облигациялары үшін мемлекеттік бағалы қағаздарға салық салғандай салық салу дегенді білдіреді.

Үшінші кезең тұрғын үй бастамасының жаңа мүмкіндіктері әркімге жеңілдік талаптарын беретін мемлекеттің теңдесіз қадамы болып сипатталады.

Төртінші кезең жеңілдік берілген ипотекалық несиелер толығымен қамтамасыз етілген және түгел қайтарымды болуға тиіс екендігін білдіреді.

Берілген тапсырмаларға сәйкес, «7-20-25» бағдарламасына қатысуға ниет білдірген азаматтардың алғашқы жарнасын арзандату үшін жалпы саны 50 мың данадан кем емес тұрғын үй сертификаттары шығарылатын болады. Қазақстан халқына үстіміздегі жылдың аяғына дейін 10 мыңдай сертификат тапсырылмақ.

«7-20-25» сертификаттары бюджеттік сала қызметкерлері үшін алғашқы жарнаны едәуір жеңілдету мақсатында әзірленіп

отыр. Сертификаттарды қала және облыс әкімдіктері өз тұрғындары арасында үлестіретін болады.

Мемлекет басшысы мәлімдегендей, мұндай тұрғын үй сертификаттарын беру мұғалімдер, дәрігерлер, полиция қызметкерлері және басқа да жергілікті өңірлерге қажетті мамандық иелері үшін ипотеканың қолжетімділігін арттыра түспек.

«7-20-25» сертификатының орташа номиналы 1 млн теңгені құрайтын болады.

Қыркүйек айында «7-20-25» бағдарламасының шеңберінде кейбір облыстар (Шымкент және Ақтөбе облысы) жас отбасылар мен мемлекеттік қызметкерлердің («Жас Арман» және «Қамқор Баспананың» өнімдері) қаржылық қиындықтарды төмендету туралы келісімдерге қол қойды, Енді тұрғын үй сертификаттарын бөлу болады».

«7-20-25. Әрбір отбасына баспана алудың жаңа мүмкіндіктерін беру» ипотекалық тұрғын үй несиелеу бағдарламасы ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 31 мамырдағы № 107 қаулысымен бекітілді.

«7-20-25» бағдарламасының негізгі мақсаты халықтың көптеген сегменттері үшін қол жетімді тұрғын үй ипотекасын құру болып табылады. Бағдарлама мемлекет басшының тапсырмаларын іске асыру мақсатында әзірленді және келесі талаптар бойынша ипотекалық тұрғын үй несиелеуді көздейді: жылдық сияқы мөлшерлеме – 7%, бастапқы жарна – 20%, қарыз мерзімі – 25 жылға дейін.

Бағдарлама бойынша қарызды кәсіпкерлік және еңбек қызметінен табыс алатын, сондай-ақ меншік құқығында баспана иеленбейтін кез келген Қазақстан азаматы ала алады.

Ипотекалық несиелерді бекітудегі негізгі факторлар төлем қабілеттілігі мен тұрақты табысы болып табылады. Қазіргі уақытта банктік ұйымдар қосымша критерийлерді өңдейді. Критерийлерді одан әрі қатайту жоққа шығарылмайды. Бұл тұрғын үй сатып алуды қажет ететін адамдарға (табысы аз, тұрмысы нашар отбасылар, жас отбасылар және т.б.) азаматтар кепілдікке ие болуы үшін қажет. Үшінші пәтерді талап ететін табыс деңгейі

жоғары азаматтар артықшылықты бағдарламаны пайдалана алмайды.

Сатып алынатын тұрғын үйдің ең жоғары құны:

- Астана, Алматы қалалары мен олардың ҚР-ның заңнамасымен белгіленген шекаралар шегіндегі қала маңы аймақтары, Ақтау, Атырау, Шымкент үшін 25 млн теңге

- Басқа өңірлер үшін – 15 млн теңге

Қарыздың ең жоғары сомасы:

- Кепілдік қамтамасыз ету құнының 80%

Жеке тұлға бағдарлама бойынша қарыз алу үшін мынадай талаптарға сәйкес келуге тиіс:

1. Банктің қалауы бойынша мына құжаттың біреуімен:

- бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының жеке зейнетақы шотынан соңғы алты айдағы үзінді-көшірмесімен;
- жұмыс орнынан соңғы алты айдағы кірістері туралы анықтамамен;
- қарыз алушы-жеке тұлғаның соңғы салық кезеңі үшін жеке табыс салығы бойынша салық декларациясымен;
- банктің ішкі құжаттарына сәйкес ипотекалық тұрғын үй қарызы шарты бойынша қарыз алушының міндеттемелерін орындау мүмкіндігінің болуын көрсететін өзге де құжаттармен расталған еңбек және кәсіпкерлік қызметтен алынатын кірісінің болуы;

2. Несиелік бюроның несиелік есебімен расталған бағдарлама бойынша ипотекалық тұрғын үй қарыздары және өзге де ипотекалық тұрғын үй қарыздары бойынша өтелмеген берешектің болмауы;

3. Келесілерді қоспағанда ҚР-ның аумағында құқықтық кадастр мәліметтерімен расталған меншік құқығындағы тұрғын үйдің болмауы:

- әрбір отбасы мүшесіне пайдалы алаңы 15 ш.м.-ден кем жатақханаларда бөлмелердің болуы;
- ҚР-ның заңнамасында белгіленген тәртіппен авариялық деп танылған тұрғын үй.

Қатысушы банктердің тізбесі «Баспана» ипотекалық ұйымы» АҚ интернет-ресурсында орналастырылған. Бағдарлама шарттары бойынша қатысушы банктер қарыз алушылардан қарыз беру және оны өтеуге қызмет көрсету үшін комиссияны алу құқылы емес. Бұл бағдарлама тек қаржылық тұрақтылық критерийлеріне сай келетін және ұлттық рейтингтегі соңғы орындарға ие емес банктерді тартады.

«7-20-25» бағдарламасының серіктес банктер

- Еуразиялық банк
- АТФ Банкі
- Халық банкі
- Цеснабанк
- ForteBank
- Банк ЦентрКредит
- RBK Bank
- Сбербанк

Бағдарламамен ҚР-ның Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсында сілтемесі бойынша танысуға болады, сондай-ақ жиі қойылатын сұрақтарға жауаптар да орналастырылған.

«7-20-25» бағдарламасына қатысушылар «Нұрлы жер» бойынша салынған тұрғын үйлерді сатып алуға мүмкіндік алды

Бұл өзгерістер 2019 жылдың басында күшіне енді. Оның алдында «Нұрлы жер» бағдарламасы бойынша үйлер әкімдіктер мен тұрғын үй құрылыс жинақ банкінің салымшылары арасында бөлінген.

Мемлекет беретін үйлердің негізгі артықшылығы – төмен баға мен өңірлерде болуы. Астана, Алматы (қала маңы аймақтарын қоса алғанда), Атырау және Ақтау қалаларында тұрғын үйдің шаршы метрі 180 мың теңге, қалған өңірлерде – 140 мың теңге тұрады. Мысалы, Астанада 60 ш.м.-лік екі бөлмелі пәтерді 10,8 млн теңгеге сатып алуға болады және ол үшін ең көп несиелеу мерзімі кезінде айына 61 мың теңге төлейсің.

Ұйым мүшелерінің хабарлауынша, «7-20-25» бағдарламасы «Нұрлы жер» бойынша үй алуды оңайлатады. Себебі әкімдікте кезекте тұрудың, ай сайын депозитке ақша салудың қажеті жоқ.

Пәтер таңдап, «7-20-25» бағдарламасына қатысты банкке тұрғын үй құнының 20%-ін төлеу жеткілікті.

«Нұрлы жер» бағдарламасының индикаторларына сәйкес, биыл 20 мыңға жуық пәтерді пайдалануға беру жоспарланған. Ең көп пәтер Алматыда (3 170), Шымкентте (1 981), Астанада (1 873) және Қостанай облысында (1 794) беріледі.

2018 жылы баспана сатып алу және сату бойынша 19 мың келісім-шарт жасаған. 2018 жылы нарықтағы келісім-шарттар саны 19%-ке дейін өсті. Жылдық өсімнің жоғары қарқыны биыл да сақталуда. Жеңілдетілген несиemen баспана алғысы келетіндерге бағаның қымбаттағаны да кедергі болмаған. Аспанасты елінің компаниялары көптеген жобаларды қаржыландырумен айналысады. «Бір белдеу, бір жол» аясындағы бастамалардың бірі Қытай-Лаос темір жолы. Ұзындығы 400 шақырым. Басым бөлігі көпірлер мен жерасты өткелдерінен тұрады. Оған 40 млн юань инвестиция тартылған. Тағы бір жоба Индонезиядағы темір жол құрылысы. 2017 жылы қытайлық корпорация Джакарта-Бандунг желісіне 11 жүрдек пойызын жеткізу туралы келісім-шарт жасады. Поездардың жылдамдығы сағатына 350 шарымға жетеді. Қытай жобаның сәтті жүзеге асырылатына сенімді. Сондай-ақ Суэц каналының экономикалық аймағында Қытай Халық Республикасының 70-ке жуық ірі кәсіпорыны жұмыс істейді. Қытайлық компаниялар Африка елдерін қосатын темір жол құрылысына да мердігерлерлік етеді. Мысалы, 2018 жылдың аяғында жаңа тұрғын үйдегі бір шаршы метрдің құны 278 мың теңге болған. Яғни бір жылда баға 6% шамасында өскен. Баспана нарығындағы сатуп алу-сату келісім-шарттарының үлесі бойынша Алматы алдыңғы қатарда. Өңірде 3,5 мыңнан астам келісім-шарт жасалған. Үштікке Ақтөбе және Сол-түстік Қазақстан облыстары кірді. Биыл қазақстандықтар 120 млрд теңгеге 13 мыңнан астам көлік сатып алған. «ҚазАвто Жол» АҚ 2018 жылды қорытындылады. Оған сай бір көліктің бағасы орта есеппен 8 млн теңгеден асады. Бұл өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 9% жоғары. Мұндағы отандық көліктердің бағасы нарықтағыдан айтарлықтай төмен. 6,5 млн теңге. Импорттық көліктің құны 10 млн теңге көлемінде

тіркелген. Тұтынушылар тобын тізбектесек. Темір тұлпар сатып алғандардың үштен бір бөлігі бағасы 5 млн теңгеден аспайтын көлікті құнптаған. 12,4% 7 мен 10 млн теңге аралығындағы көліктерді таңдаған. Бұл нарықтың шамамен 27% бизнес және премиум санаттағы, ал 11% жаңа көліктерге тиесілі. Сараптамаға сай бағасы қымбат техниканың үлесі артқаны байқалады. Мамандар мұны бизнес санаттағы седандардың қолжетімділігімен байланыстырады. Еліміздегі ірі компанияларда 28 мыңнан астам бос жұмыс орны бар. Әсіресе жоғары жалақы төлетін өңірлерде қызметкерлерге деген сұраныс жоғары. Мысалы, Астана, Алматы қалалары мен Атырау облысын атап өтуге болады. Жыл басынан бері жүргізілген тіркеуге сәйкес, ірі және орта компанияларда 2,4 млн адам жұмыс істейді. Көрсеткіш өткен жылмен салыстырғанда 1,5% жоғары. energyprom.kz сараптама агенттігінің хабарлауынша, ең үлкен өсім тұрмыстық қызмет секторында байқалды. Өсім бірден 17,3% асады. Сондай-ақ көтерме және бөлшек саудада қызметкерлер санының өсу қарқыны жоғары; көлік жөндеумен айналысатындар саны жылына 11,3% көбейген. Ал жылжымайтын мүлік саласында жұмыспен қамтылғандар санының айтарлықтай төмендеуі байқалды. Көрсеткіш бір жылда 28,7% түскен.

Осы бағдарламаны жүзеге асыру барысын Қазақстан ипотека нарығының жағдайына талдау?

Алматыда тұрғын үй бағасы 2018 жылы шаршы метрі 340 мың теңгені құрады.

Ал тоқсан бойынша есептесе, баға 1,5%-ке төмендеген. 2017 жылдың төртінші тоқсанында шаршы метрінің құны – 347,8 мың теңге болса, 2018 жылдың бірінші тоқсанындағы орташа баға – 342,5 теңге.

Астанада тұрғын үй бағасының шаршы метрі 0,6%-ке өсіп, 329,7 мың теңгені құрады.

Өңірлер бойынша:

Ақтөбеде тұрғын үйдің шаршы метрінің орташа бағасы – 153,6 мың теңге.

Ақтауда шаршы метріне 216,6 мың.

Оралда, орташа баға 174,3 мың теңге.

Қостанайда 184,6 мың теңге.

Өскеменде 164,5 мың теңге.

Шымкенте 192,1 мың теңге.

Семейде 166,6 теңге.

Көкшетауда 180,9 мың теңге.

Қарағанды, Павлодар мен Петропавл, Тараз қалаларында тұрғын үйдің шаршы метрінің бағасы 151,2 мың теңге теңгеге бағаланады.

«7-20-25» бағдарламасының шарттары өте тиімді. Қолжетімді баспанаға бағдарланған бұдан басқа да бағдарламалар бар. Олар: «Қол жетімді баспана 2020», «Нұрлы жер» және «Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ ұсынып отырған «Өз үйім» бағдарламалары.

«Бәйтерек девелопмент» АҚ – «Бәйтерек» Холдингінің еншілес ұйымы, несиелік тұрғын үй құрылысын қаржыландыру үшін жергілікті атқарушы органдардың облигацияларын сатып алатын «Нұрлы жер» тұрғын үй құрылыс бағдарламасының қаржы операторы.

Бұлармен қатар, «7-20-25» тұрғын үй бағдарламасының операторы ретінде жаңадан ұлттық компания құрылды. Ол Ұлттық банктің еншілес «Баспана» деп аталатын компаниясы. «Баспана» операторы «7-20-25» бағдарламасы арқылы ипотека беретін 7 банкпен келісім-шартқа қол қойған. Олар: Центр-кредит, Евразия банкі, АТФ банк, RBK, Халық банк, Цесна банк және Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі.



БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ

1. *Ипотекалық несие дегеніміз не?*
2. *Ипотекалық несиенің айрықшалықты белгілері қандай?*
3. *Қазақстандағы ипотекалық компаниясының қызметі қандай?*

4. Қазақстандағы ипотекалық компаниясының міндеті қандай?
5. Ипотекалық несиелеу жүйесінің субъектілерін анықтаңыз.
6. Қазақстандағы ипотекалық жүйенің дамуы.
7. Қазақстандық ипотекалық несиелерді кепілдендіру қорының қызметін анықтаңыз.
8. Тұрғын үй құрылысы жинақтарының жүйесін қарастырыңыз.
9. Тұрғын үй құрылысы жинақ банкінің қызметтерін анықтаңыз.
10. Ипотекалық несиелеудің қазіргі жағдайына көңіл бөліңіз.
11. «7-20-25» бағдарламасының жүзеге асырылу жолдарын анықтаңыз.
12. «7-20-25» бағдарламасының қатысушыларын анықтаңыз.

ГЛОССАРИЙ

- «Капитал салымдары** – бұл негізгі капиталға салынатын инвестициялар, соның ішінде жаңа құрылысқа, жұмыс істеп тұрған кәсіпорындардың кеңеюіне, қайта құрылуына және техникалық қайта жабдықталуына, машиналарды, құрал-жабдықтарды, құралдарды, инвентарьді сатып алуға кететін және жобалық-іздеу шығындары
- «Күтілетін табыстылық – «бета» коэффициенті» теңдігі (expected return-beta relationship)** – бағалы қағаздардың тәуекелі үшін сыйақы «бета» коэффициентіне пропорционалды деген CAPM үлгісінен қорытынды
- Ағымдағы өтімділік коэффициенті (Current ratio)** – ағымдағы активтерді ақшалай қаражаттарға айырбастау есебінен кәсіпорынның барлық ағымдағы міндеттемелерін төлеу қабілеттілігін көрсететін коэффициенті
- Ағымдағы табыстылық (current yield)** – облигация бағасына бөлінген жылдық купондық төлемдердің көлемі
- Аз танымал кәсіпорындар тиімділігі (neglected-firm effect)** – жоғары табыс алу үшін аз танымал кәсіпорындардың акцияларына инвестициялау бейімдігі
- Аймақтық инвестициялар** – мемлекеттің нақты аймағының шегінде қаражаттарды салу
- Аймақтық тиімділік** – көрсеткіштері сәйкес аймақ тұрғысынан жобаның аймақ кәсіпорындарына, аймақтағы әлеуметтік және экологиялық жағдайына, аймақтық бюджеттің табыстары мен шығындарына ықпал етуін есепке алғандағы жобаның қаржылық тиімділігі
- Айналым коэффициенті (turnover)** – қордың «сауда белсенділігінің» (сату көлемінің) сол портфельдегі активтер құнына қатынасы

Айырбасталатын своп (substitution swap) – бір облигацияның сондай, бірақ бағасы тартымдырақ облигацияға ауыстыру

Активтерді бөлу (asset allocation) – кең ауқымды активтер жіктемесінен таңдау жолымен портфель қалыптастыру

Активтерді қайта бөлу (asset allocation) – активтердің негізгі сыныптары арасында инвестициялық портфельді қалыптастыру үшін бағытталған ақша қаражаттарын қайта бөлу

Активтердің жиынтығы (asset universe) – портфель менеджерінің инвестициялайтын активтердің бекітілген тізімі

Активтердің қайтарымдылық коэффициенті (asset turnover) – жылдам сату көлемінің активтерге қатынасын көрсететін коэффициент

Активтердің табыстылығы, рентабельділігі (return on assets) – проценттер мен салықтарды төлегенге дейінгі пайданың активтер сомасына қатынасы

Активті инвестициялық стратегия, портфельді активті басқару (active management) – дұрыс бағаланбаған қаржы активтерін сатып алуға немесе нарық қозғалысының жалпы дамуын алдын ала болжауға ұмтылу

Активті портфель (active portfolio) – α нөлдік мәні бар талданған акциялардың бірігуі жолымен қалыптастырылған Трейнер-Блэк үлгісіндегі портфелі

Активті инвестициялар – өндірісті ұлғайтуға бағытталған инвестициялар

Акцияны таңдау (stock selection) – таңдалған елдің ішкі акция нарығынан нақты акцияларды таңдау

Акцияның баланстық құны (book value) – балансында көрсетілген кәсіпорынның меншікті капиталының таза құны

Акцияның есептік бағасы оның курстық құнының техникалық талдау негізінде алынады. Осы үшін трендтік модель құрылады, оған сәйкес тренд дамитын математикалық заң, орташа квадраттық қате, аппроксимацияның

қатысты қатесі анықталады және белгілі уақыт аралығынан кейін 95% ықтималдықпен акцияның нарықтық бағасы жататын бағалық корридор

Акцияның нақты, ішкі құны (intrinsic value) – талап етілетін табыстылық мөлшерлемесі бойынша дисконтталатын акциядан түсетін келтірілген құны

Акцияның нарықтық бағасының оның акциясының бухгалтерлік, баланстық құнына қатынасы коэффициенті (market-to-book-value ratio) – акцияның нарықтық құнының (бағамының) оның бухгалтерлік, баланстық құнына қатынасы

Акцияның номиналы – бұл акцияның эмиссиясы кезінде белгіленген және оның бет жағында көрсетілген құны. Барлық қоғамның жай акцияларының номиналды құны бірдей болуы және қоғамның барлық акцияларын ұстаушыларына құқықтардың тең көлемін қамтамасыз етілуі қажет. Акциялардың бағасы мәселесі олардың шығарылуын, біріншілік орналастырылуын және айналысын қамтитын өмірлік циклімен тығыз байланысты. Сондықтан акциялардың оларды шығару кезеңіндегі бірінші бағасы – номиналды. Акцияның номиналды, яғни тұрақты баға-сын көрсетіп шығарған кәсіпорын оның нақты құндылығын кепілдендірмейді. Ондай құндылықты нарық анықтайды. Бірақ номиналды құн акция құндылығының бағдары ретінде болады және ұзақ уақыт бойы акцияның бағасын кейін анықтау үшін негіз болып табылады

Акцияның табыстылығы (earning yield) – акция пайдасының оның бағасына қатынасы коэффициенті, E/P

Ақша нарығы (money markets) – салыстырмалы түрде тәуекел дәрежесі төмен болып сипатталатын қысқа мерзімді, жоғары өтімді қарыздық құралдарды енгізетін нарық

Ақшалай ағындардың үйлесуі (cash flow matching) – компанияның міндеттемелерін орындау үшін қажетті тұрақты табыстары, нақты шығындары бар құралдар

портфелімен қамтамасыз етілетін ақшалай түсімдердің үйлесуі

Ақша-несие саясаты (monetary policy) – ақша ұсынысы мен процент мөлшерлемесін реттеу үшін Федералды резервтік жүйе басқарушыларының Кеңесімен қолданылатын шаралар

Андеррайтерлер (underwriters) – бағалы қағаздардың орналасуына кепілдік беретін компаниялар. Олар бағалы қағаздарды эмитент-компаниядан сатып алады және оларды инвесторларға қайта сатады

Арбитраж (arbitrage) – бірдей бағалы қағаздармен жүргізілетін операциялар есебінен тәуекелсіз пайда алу

Артықшылықты акциялар (preferred stock) – дауыс беру құқығы жоқ корпорация акциялары. Олар бойынша тұрақты дивидендтер төленеді

Аукциондық нарық (auction market) – активтерді сатып алу-сату мақсатында барлық саудагерлердің жиналатын нарығы

Әлеуметтік тиімділік – біріншіден, коммерциялық қызметке инвестициялау кезіндегі әлеуметтік немесе пайданың өсіміне көмектесетін жобаның тиімділігі, екіншіден, пайданың генерациялануын қарастырмайтын, кәсіпорынның ішінде және одан тыс бағытталған әлеуметтік мақсаттарға бағытталған жобаның тиімділігі. Осы жағдайда кәсіпорынның қызметкерлері үшін түрлі артықшылықтарды құру, қосымша жұмыс орындары, қоршаған ортаны қорғау, әлеуметтік маңызы бар өндірістерді құру және т.б.

Бағалы қағаздардың биржадан тыс нарығы (over-the-counter [OTS] market) – бағалы қағаздармен сауданы жүзеге асыратын брокерлер мен дилерлердің желісі

Бағалы қағаздарды талдау (security analysis) – бағалы қағаздардың құнын талдау

Бағалы қағаздарды таңдау (security selection) – активтердің әрбір сыныбы шегінде бағалы қағаздардың нақты түрін таңдау

- Бағалы қағаздардың бастапқы жариялы ұсынылуы (Initial Public Offering – IPO)** – шектеулі иемденушісі бар акцияларды компаниямен алғашқы сатылуы
- Бағалы қағаздардың бірінші ретті нарығы (primary market)** – бағалы қағаздардың жаңа шығарылымдары сатылын және сатып алынатын нарық
- Бағалы қағаздардың екінші ретті нарығы (secondary market)** – бұрыннан бар бағалы қағаздар үшін нарық
- Базис (basis)** – фьючерстік баға мен ағымдағы спот бағасының арасындағы айырма
- Базистік тәуекел (basis risk)** – фьючерстік баға мен спот бағаның арасындағы спредтің белгісіз өзгеруімен байланысты тәуекел
- Баланс (balance sheet)** – белгілі бір күнге кәсіпорынның қаржылық жағдайы туралы ақпараттарды көрсететін бухгалтерлік есеп беру
- Банктік акцент (banker’s acceptance)** – клиенттің банкке белгілі соманы белгілі бір күні төлеу туралы талабы бар бұйрығы
- Басқару** – бұл қойылған мақсаттарға жетуге бағытталған үдеріс. Егер басқару мақсаты сәтсіз таңдалса, ал орындаушылар қойылған мақсаттың жетістігінде күмәнданса, онда талантты менеджерлердің кез келген әрекеті негізсіз болуы мүмкін. Мақсатты таңдау үшін ең алдымен кәсіпорын алдында тұрған мәселелерді түсіну қажет
- Бизнес-жоспар** – инвестициялық жобаның жүзеге асуы барысындағы әрекеттер мен шаралардың жиынтығы. Бизнес-жоспар жобаның мақсаттарын, олардың жетістіктері мен болжанған нәтижелерінің жолын көрсетеді
- Бизнес-жоспардың негізгі міндеті** – жобаның жалпы жүйелік бағасын беру. Бизнес-жоспар инвесторға – капиталды салудың мақсатқа лайықтылығын анықтау үшін, кәсіпкерге – жобаны жүзеге асыру үдерісінде әрекет және басқару бағдарламасын жасау үшін, мемлекеттік органдарға – несиелік өзара қарым-қатынасты реттеу және бақылау үшін қажет

- Бухгалтерлік (баланстық) пайда (accounting earnings)** – пайда мен шығын туралы есеп беруде көрсетілетін кәсіпорын пайдасы
- Бірінші ретті нарық (primary market)** – ашық түрде сату үшін бағалы қағаздардың жаңа шығарылымдары ұсынылатын нарық
- Бюджет тапшылығы (budget deficit)** – мемлекеттік шығындардың жалпы табыстардан өсуі
- Бюджеттен қаржы бөлу** – инвестициялық мақсаттарда бюджеттік тізімге сәйкес бөлінетін әртүрлі деңгейлердегі бюджеттің қаражаттары. Бюджеттен қаржы бөлудің қажеттілігі жалпыұлттық мәнге ие салалар мен өндірістердің бар болуымен объективті түсіндіріледі. Бюджеттен қаржы бөлу қаржылық және экономикалық саясаттардың құралы, сонымен қатар ол шаруашылық конъюнктураға, экономикалық өсуге әсер етіп, қоғамдық өндірістің дамуының маңызды факторы
- Бюджеттік тиімділік көрсеткіштері** – жобаны жүзеге асыру нәтижелерінің сәйкес бюджеттің (мемлекеттік және жергілікті) табыстары мен шығындарына әсерін көрсетеді
- Валюталық бағам (exchange rate)** – ұлттық бағамның шетел бағамына айырбастау жүргізілетін бағам
- Валюталық бағамның өзгеру тәуекелі, валюталық тәуекел (exchange rate risk)** – доллар мен шетел валюталары арасындағы айырбастау бағамының өзгеруімен байланысты активтерді қайтарудағы белгісіздік
- Валютаны таңдау (currency selection)** – инвестор инвестициялау үшін валюта таңдап, қаражаттарды активтер арасында орналастыру
- Вариациялық маржа (variation margin)** – трейдордың маржасы одан төмендемейтін бекітілген көрсеткіш. Вариациялық маржа қосымша кепілдендірілген маржаны талап етеді
- Варрант (warrant)** – кәсіпорын акциясын сатып алу үшін сол кәсіпорынмен шығарылған опцион

Вексельдік несиелеу екі вариантта болуы мүмкін – төлемді ұзартумен вексельді сату және вексельдік заем. Бірінші жағдайда банк клиентке вексельді (өзінің эмиссиялаған немесе сатып алған) оның төлемін ұзартумен белгілі мерзімге сатады. Екінші жағдайда клиентке белгіленген мерзімде немесе сол мерзімде банкке беру арқылы клиенттің банкке қайтаратын вексель (қарыз беру келісім-шарты бойынша) беріледі

Венчурлық қаржыландыру – термині ағылшын *venture* («тәуекелді бастама») сөзінен туындайды. Венчурлық қаржыландыру жоғары тәуекелділікпен ерекшеленетін, бірақ осындай бір жобаға бейімделген кәсіпорынның құнының маңызды өсіміне уәде беретін инновациялық жобалардың бастапқы кезеңдері үшін нақты қаражаттарды алуды білдіреді

Депозиттік сертификат (Certificate of Deposit – CD) – банктік мерзімді депозит

Дефолт тәуекелі үшін сыйақы (default premium) – инвесторға дефолт тәуекелінің орнын толықтыратын, уәделенген табысқа қосымша

Өртараптандыру – әр түрлі бағыттар бойынша инвестициялау

Доу теориясы (Dow theory) – қор нарығында бағалардың ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді үдерістерін анықтау шаралары қабылданатын әдіснама

Екінші ретгі нарық (secondary markets) – бұрын шығарылған бағалы қағаздар сатып алынатын және сатылатын нарықтар (биржалық және биржалық емес)

Еуродоллар (Eurodollars) – долларда деноминацияланған шетел банктеріндегі немесе американдық банктердің шетел филиалдарындағы депозиттері

Жай акция (common stock, equity) – иемденушінің корпорация активтеріне меншік үлесіне құқығын куәландыратын құжат

Жай акциялар (common stocks) – корпорациядағы меншік үлесі (кең ауқымды акционерлері бар акционерлік

қоғамдардағы). Акция ұстаушылары дауыс беру құқығы мен дивиденд алу құқығына ие

Жақсы әртараптанған портфель (well-diversified portfolio) – жүйеленбеген тәуекелдерді болдырмау үшін жеткілікті әртараптанған портфель

Жалпы ішкі өнім (Gross Domestic Product – GDP) – белгілі уақыт аралығында өндірілген өнімдер мен қызметтердің нарықтық бағасы

Жаһандану (globalization) – әлемдік инвестициялық ортаның қалыптасуы және ұлттық капитал нарықтарының шоғырлану үдерісі

Жеке лизинг – мүлік бойынша жекелей жұмыстарды лизинг беруші атқарады

Жоба – сөзі латынның *projectus* сөзінен шыққан және қазақ тіліне аударғанда «алға тасталған», яғни түпкі ой дегенді білдіреді. Қазіргі батыс әдебиеттерінде осы түсініктің жалпы мағынасы «Жобаларды басқару туралы білімдер кодексінде» (Project Management Institut, USD) айтылған: «Жоба міндеттің орындалу тәсілдерімен көзделген белгілі бастапқы мәліметтері және қажетті нәтижелері бар міндетті білдіреді». Отандық экономикалық әдебиеттерде «жоба деп оның шегінде құрылған мақсаттар жүйесі деп аталады». Берілген анықтама жобаны жасау және оны жүзеге асыру үшін қажетті ресурстарды және қызметтің барлық түрлерінің ерекшеліктерін есепке алады

Жобаларды басқару – ағылшын жоба-менеджерлер қауымдастығының есептеуінше уақыт бойынша, белгіленген бюджет шегінде, техникалық спецификацияға және талаптарға сәйкес жобаны аяқтау бойынша басқарушылық міндет

Жобаларды басқару – жұмыстың құрамы мен көлемі, құны, уақыты, сапасы бойынша нәтижелерге жету үшін басқарудың қазіргі әдістерін және техникасын пайдалану жолымен жобаның өмірлік циклі бойынша

материалды ресурстарды координациялау және басқару шеберлігі

Жобаның өтелу мерзімі – бұл эксплуатациядан түскен табыстар бастапқы инвестицияларға тең болған (капиталдық шығындар және эксплуатациялық шығындар) кезде объектіні жүзеге асыру сәтінен бастап оны пайдалану сәтіне дейінгі кезең болып табылады. Бұл көрсеткіш салынған капиталдың толық қайтарылымы қашан болады деген сұраққа жауап береді. Көрсеткіштің экономикалық мәні инвестордың салған капиталын қайтарып алу мерзімі анықталатынында

Жұмыссыздық деңгейі (Unemployment rate) – жұмыссыздар деп саналатын тұлғалар санының жалпы еңбек ресурстарының санына қатынасын сипаттайтын көрсеткіш

Жылдық проценттік мөлшерлме (Annual Percentage Rate - APR) – жай проценттер әдісін қолданумен жылдық есептелуге келтірілетін табыстылық мөлшерлемесі

Жылжымайтын мүліктерге – жер учаскелері, жекелеген су объектілері, жермен байланыстының барлығы, яғни олардың орнын ауыстыратын объектілер, соның ішінде ормандар, көп жылғы орнатылымдар, ғимараттар, құрылыстар жатады

Инвестиция – капитал құнын сақтайтын немесе өсіретін, сондай-ақ табыстың өсуіне әкелетін капитал жұмсау әдісі

Инвестиция (investment) – қазіргі кездегі бар ресурстарды болашақта оларды үлкен көлемде алу мақсатында шығындау

Инвестициялау объектісі – инвестицияларға бағытталған кәсіпкерлік қызметтің кез келген объектісі

Инвестициялауға тікелей емес қатысу – инвестициялауды басқа тұлғалардың (инвестициялық немесе басқа қаржылық делдалдар) жүргізуі

Инвестициялауда тікелей қатысу – инвестордың инвестициялау және қаражаттарды салу объектілерін таңдаудағы тікелей қатысуы. Тікелей инвестициялауды инвестициялау объектісі туралы нақты ақпаратқа ие және

инвестициялау тетігімен жақсы таныс инвесторлар жүзеге асырады

Инвестициялық банктер (investment bankers) – бағалы қағаздардың жаңа шығарылымдарын, колхаттар түрінде (андеррайтинг), сатуға маманданған кәсіпорындар

Инвестициялық жоба – белгілі мақсаттарға жетуді (белгілі нәтижелерді алуды) қамтамасыз ететін шаралар жиынтығы

Инвестициялық жобаның бизнес-жоспары – бөлімдердің жалпы қабылданған тәртібі бойынша қысқа формада инвесторды болжанатын инвестициялардың тиімділігіне сендіруге және жобаны негіздеуге, сонымен қатар бағалауға мүмкіндік беретін жобаның басты сипаттамалары баяндалатын негізгі құжат

Инвестициялық климат – мемлекетте, аймақта инвестициялық қызмет жағдайларын анықтайтын заңдық, ұйымдас-тырушылық, экономикалық, әлеуметтік, саяси, мәдени бір-бірімен байланысты факторлар әсерімен қалыпта-сатын жағдай

Инвестициялық компаниялар (investment companies) – жеке инвесторардың ақша қаражатарын тартатын және олар-ды бағалы қағаздарға немесе белгілі бір басқа активтерге инвестициялайтын қаржы делдалдары

Инвестициялық қызмет – инвестицияны жүзеге асыру бары-сындағы инвестициялық үдерістегі әр түрлі қызметтер жиынтығы

Инвестициялық қызметтің субъектілері – бір жағынан, бос инвестициялық ресурстарға ие қатысушылар (инвес-торлар), басқа жағынан, инвестициялық ресурстарда қажеттілігі бар кәсіпорындар, ұйымдар және т.б. деп қарастыруға болады. Инвестициялық қызметтің үшінші жағы инвестициялық институттар мен инвестициялық ресурстардың тұтынушылары арасындағы өзара қарым-қатынасты қамтамасыз ететін делдалдар болып табылады

Инвестициялық мүмкіндіктер жиынтығы (investment opportunity set) – инвестициялық портфель үшін «тәуекел-табыстылық» мүмкінді жиынтығы

Инвестициялық портфель – инвестициялық объектілерге салымдардың анықталған инвестициялық стратегияға сәйкес мақсатты құрылған салымдардың жиынтығы

Инвестициялық үдерістігі мемлекеттің рөлі – мемлекет орталықтандырылған (әртүрлі деңгейдегі бюджеттер есебінен) және орталықтандырылмаған (мемлекеттік кәсіпорындардың өзіндік және қарыз қаражаттарының есебінен жүзеге асырылатын) капитал салымдарының мемлекеттік саясатын жүзеге асыру

Инвестициялық саясат – инвестициялық қызметті жандандыру, экономиканы көтеру мақсатында шаруашылық субъекті-леріне жағымды жағдайларды жасау бойынша шаралар жиынтығы

Инвестицияның тиімділігі – «ақшаның уақытындағы бағамы» концепциясында бағаланады және инвестициялардың тиімділігін бағалау ақша қаражаттар ағымында, жобаны жүзеге асыруда бір-біріне қатарластыруда айқындалады

Инфляция (inflation) – тауарлар мен қызметтерге жалпы баға деңгейінің өсу қарқыны

Инфляция қарқыны (inflation rate) – өлшенген СІР өсу жылдамдығы сияқты бағалардың өсу жылдамдығы

Ипотекалық несиелеу – жылжымайтын мүлік объектілерін сатып алуға және салуға (қайта құруға) несиелер беру – көптеген нарық субъектілерінің өзара әрекетін білдіретін маңызды экономикалық және әлеуметтік функцияларды орындайтын несиелік қатынастардың формасы

Капитал жұмсалымы – бұл жаңа қорларды құру, істеп тұрған негізгі қорларды кеңейту, техникалық жағынан қайта қаруландыруға жұмсалған шығындар жиынтығы

- Капитал нарығы (capital markets)** – ақша нарығына қарағанда жоғары тәуекелмен сипатталатын ұзақ мерзімді бағалы қағаздарды кіріктіретін нарық
- Клиринг (нарықтық өзгерістерді есепке алу) (marking to market)** – фьючерстік позициялар бойынша міндеттемелердің күнделікті қайта есептелуі (барлық сауда қатысушыларының әрбір жұмыс күнінің соңында сол күнгі есептесу бағалары бойынша шоттарындағы қаражаттар көлемінің корректировкасы)
- Клирингтік (есеп айырысу) палатасы (clearinghouse)** – сауда операцияларында көмек көрсету үшін биржалармен құрылған клирингтік палата екі трейдер арасында делдал ретінде сауда үрдісіне қатыса алады
- Коммерциялық вексель (Commercial Paper – CP)** – ірі корпорациялармен шығарылатын қысқа мерзімді, қамтамасыз етілмеген қарыздық міндеттеме
- Коммерциялық тиімділік** (немесе қаржылық негіздеме) – бұл талап етілген табыстылық нормасын қамтамасыз ететін қаржылық шығындар мен нәтижелердің қатынасымен анықталатын тиімділік. Ол жалпы жоба және әрбір қатысушы (оның салымын есепке алғанда) үшін есептеледі. Әрбір нақты кезеңде тиімділік ретінде нақты ақшалардың ағымы (түсімдер мен жылыстаулардың сальдосы немесе келтірілген шығындар мен түсімдердің сальдосы) болады
- Корпоративті облигациялар (corporate bonds)** – жеке корпорациялармен шығарылатын ұзақ мерзімді қарыздық міндеттемелер; бұл қарыздық міндеттемелер бойынша жарты жылдық купондар төленеді, ал өтеу кезінде облигацияның номиналдық құны қайтарылады
- Купондық мөлшерлеме (coupon rate)** – номиналдық құнындағы әрбір долларға облигациялар бойынша проценттік төлемдердің көлемі
- Күтілетін табыстылық (expected return)** – инвестициядан түсетін сыйақы

- Қазынашылық вексельдер (Treasury bills)** – өзіндік құны төмен шегеріммен шығарылатын, қысқа мерзімді мемлекеттік бағалы қағаздар; қазынашылық вексельдерді өтеу мерзімі келгенде олардың толық өзіндік құны төленеді
- Қазынашылық ноталар мен облигациялар (Treasury notes or bonds)** – олар бойынша төлемдер әрбір жарты жылдықта жүргізілетін, номиналы мың доллар және одан жоғары болып келетін федералды үкіметтің қарыздық міндеттемесі; номиналды құнымен (немесе номиналдық құнына жақын) сатылады
- Қалпына келтіру құны (replacement cost)** – кәсіпорынның активтерін сатып алу үшін қазіргі кезеңдегі жұмсауы қажет шығындар
- Қамтамасыз етілмеген облигация (debenture)** – қандай да бір нақты кепілмен қамтамасыз етілмеген облигация
- Қаржы активтері (financial assets)** – материалдық активтерге немесе олардан алынатын табыстарға талаптар (құқық)
- Қаржы делдалдары (financial intermediaries)** – өздерінде несие берушілердің қаражаттарын орналастыру және оларды кейінен қарыз алшыларға беру жолымен қарыз алушылар мен несие берушілердің қаржылық қажеттіліктерін біріктіретін ұйымдар
- Қаржы-бюджеттік саясат (fiscal policy)** – мемлекеттік шығындар мен салық салуды экономикалық тұрақтандыру үшін қолдану
- Қаржылық «тетік», қаржылық леверидж коэффициенті (leverage ratio)** – кәсіпорынның жалпы капитал сомасының оның меншікті капиталына қатынасы
- Қаржылық инвестициялар** әртүрлі қаржылық құралдарға (активтерге), соның ішінде аса маңызды үлес алатын бағалы қағаздарға қаражаттарды салу
- Қаржылық инженерия (financial engineering)** – инвесторлардың талаптарына сәйкес келетін алдын ала бағдарланған қасиеттері бар бағалы қағаздарды құру және жасау үдерісі

Қор биржалары (stock exchanges) – шығарылған бағалы қағаздарды сауда қатысушыларының сатып және сатып алатын екінші ретті нарықтар

Қорғалған «пут» опцион (protective put) – опционның орындалу бағасына тең минималды табысты қамтамасыз ететін активтің «пут» опционымен комбинациясы

Қысқа мерзімді инвестициялар – әдетте бір жылға дейінгі кезеңге салынатын капитал салымдары (мысалы, қысқа мерзімді депозиттік салымдар, қысқа мерзімді жинақ сертификаттарын сатып алу және т.б.)

Лизинг – бұл белгілі бір мүлікті сатып алып, кәсіпкерлік мақсаты үшін кәсіпорынға уақытша пайдалануға беруді қарастыратын кәсіпкерлік қызмет түрі, қаржыландыру әдісі

Макродеңгейде инвестициялар немесе капитал салымдары – ұлттық экономиканың дамуы мен қоғамдық өндірістің тиімділігін көтеруге арналған негіз

Мониторинг – бірінші және аса маңызды басқару элементі болып табылады, оның мақсаты – берілген портфельдің типіне сәйкес келетін инвестициялық қасиеттерге ие бағалы қағаздарды таңдау

Мульти жоба – жұмыс істеп тұрған кәсіпорынды қайта құру, жаңғырту немесе жаңадан құру мақсаттағы жоба

Нақты активтер (real assets) – өнімдер мен қызметтерді өндіру үшін қолданылатын активтер

Нақты инвестициялар – нақты активтерге, яғни материалдық және материалдық емес активтерге немесе ғылыми-техникалық прогреспен байланысты материалды емес активтерге қаражаттарды салу инновациялық инвестициялар

Нақты проценттік мөлшерлеме (real interest rate) – инфляция қарқынынан проценттік мөлшерлеменің өсуі. Инвестиция нәтижесі болып табылатын сатып алу қабілетінің өсу қарқыны

Нарықтық (курстық) баға – бұл екінші нарықта сатылатын және сатып алынатын акцияның құны. Өтімді-тиімді

бағалы қағаздар нарығында акцияның нарықтық бағасы – бұл уақыттың әрбір сәтінде жасалған мәмілелер бойынша ағымды бағалардағы құны

Нарықтық портфель (market portfolio) – әрбір бағалы қағаздың үлесі оның жалпы нарық капитализациясындағы үлесіне пропорционалды болатын портфель

Номиналды проценттік мөлшерлеме (nominal interest rate) – номиналды ақшалай көріністегі проценттік мөлшерлеме

Номиналдык құн (par volume) – облигация ұстаушысына оны өтегенде төленетін сома

Облигация – бұл оның ұстаушысының облигацияны шығарған тұлғадан оның номиналды немесе басқа мүліктік эквивалентінің белгіленген мерзімінде алуға құқықтарын растайтын бағалы қағаз. Облигация оның ұстаушысына облигацияның номиналды құнының процентінде тіркелген немесе басқа мүліктік құқықтарды алуға құқық береді

Овердрафт – бұл клиент шотындағы жетіспеген ақша-қаражаттарды уақытша жабу мақсатында, шекті сомасын белгілемей, қосымша несие келісім-шарттарына отыруды қарастырмайтын банктік несие түрі

Өтімділік (liquidity) – сол немесе басқа активтің ақшаға айналуының жылдамдығы мен жеңілдігін білдіреді

Пайда алу үшін қолданылатын своп (pure yield pickup swap) – табысы жоғары және өтеу мерзімі ұзақ облигацияға өту

Пайда мен шығындар туралы есеп (income statement) – нақты уақыт аралығында кәсіпорынның табыстары мен шығындары туралы мәліметтерді көрсететін құжат

Пассивті инвестициялық стратегия (passive strategy) – жүзеге асырғанда бағалы қағаздардың талдауын қарастырмайтын инвестициялық саясат

Пассивті инвестициялық стратегия, портфельді пассивті басқару (passive management) – дұрыс бағаланбаған қаржы активтерін сатып алмау мақсатымен әртараптан-

ған (әртараптандырылған) бағалы қағаздар портфелін сатып алу және иемдену

Пассивті инвестициялар – өндірісті ұстап тұруға бағытталған инвестициялар

Портфельді сақтандыру (portfolio insurance) – инвестициялардың өсуіне мүмкіндік бере отырып, инвестициялаудан шығындарды азайтатын портфельді стратегия

Портфельдік инвестициялар – капиталдық жобалар тобына салу, мысалы әртүрлі кәсіпорындардың бағалы қағаздарын сатып алу

Реинвестиция – алғашқы инвестициялар

Рейтинг – бұл 1 жылға дейін берілген лизингтің түрі

Саланың өмірлік циклі (industry life cycle) – өзінің даму үрдісінде сала кәсіпорындары өтетін кезеңдері

Сатудың рентабельділігі (return on sales) – операциялық пайданың сату көлеміне қатынасын көрсететін коэффициент

Саяси тәуекел (political risk) – салық салу саясатындағы өзгерістердің, валюталық операцияларға және елдің іскерлік климатына қатысты басқа да өзгерістердің болу мүмкіндігі

Секьюритизация (securitization) – кепіл ретінде пұл болып табылатын және кез келген бағалы қағаз сияқты сатыла алатын пұлға біріктірілген стандартталған бағалы қағаздардың қарыз негізінде құрылуы

Сенімділік коэффициенті (confidence index) – бірінші ондықтағы корпоративтік облигациялардың орташа проценттік табыстылығының несиелік рейтингтің ортасынан алынған он корпоративтік облигациялардың орташа табыстылығына қатынасы

Спред (spread) – бір активке әр түрлі орындау бағаларымен немесе мерзімімен бір немесе бірнеше «колл» немесе «пут» опциондарының комбинациясы

Сұраныс импульсі (demand shock) – экономикадағы өнімдер мен қызметтерге деген сұраныс көлеміне ықпал ететін жағдай

- Сценарийлер талдауы (scenario analysis)** – мүмкінді экономикалық сценарийлердің тізімін жасау және әрбір сценарийдің ықтималдылығын, сонымен қатар әрбір жеке жағдайда қол жеткізілетін HPR мәнін анықтау үдерісі
- Табыстылық құны (yield curve)** – өтеу кезіндегі табыстылық көлемінің облигацияны өтеу мерзіміне тәуелділік сызбасы
- Таза лизинг** – сақтандыру, қызмет көрсету, жөндеу жұмыстарын лизинг алушы атқарады
- Тәуекелге бейімсіздік (risk aversion)** – инвестордың өзіне тәуекелді қабылдауға ниетінің болмауы
- Тәуекелге бейімсіздік (risk aversion)** – инвестордың тәуекелге бармауы
- Тәуекелді басқару, тәуекел-менеджмент (risk management)** – портфель тәуекелін шектеу үшін стратегия
- Техникалық талдау (technical analysis)** – акция бағаларының бір мерзімде қайталанатын және болжанатын өзгеру үлгілерін, сонымен қатар акцияларды сатып алу немесе сату нарығына ықпал ететін қысым жасау үлгілерін анықтау
- Тиімді тәуекелді портфель (optimal risky portfolio)** – кейіннен олардың тәуекелі жоқ активтермен толығымен портфельге бірігетін тәуекелді активтердің ең тиімді қосындысы
- Тобин коэффициенті (Tobin's q)** – кәсіпорынның нарықтық құнының оның сату құнына қатынасы
- Толық портфель (complete portfolio)** – тәуекелді және тәуекелсіз активтерді өзіне кіріктіретін инвестициялық портфель
- Туынды бағалы қағаздар, деривативтер (derivative securities)** – олар бойынша төлемдері басқа активтердің құнымен анықталатын бағалы қағаздар
- Тікелей инвестициялар** – нақты ұзақ мерзімді жобаға қаражат салу және нақты активтерді сатып алумен байланысты
- Ұзақ мерзімді инвестициялар** – бір жылдан асатын кезеңге салынатын капитал салымдары. Осы критерий есеп

тәжірибесінде қабылданған, бірақ, тәжірибе көрсеткендей, ол нақтылауды қажет етеді

Факторинг – инвестицияларды қаржыландырудың ерекше әдісі, банктің клиенттен өзінің төлеушілеріне берген төлем талаптарын сатып алатын мәміле

Форвордтық келісім-шарт (forward contract) – екі тарап арасындағы активтерді болашақта белгілі бір мерзімде келісілген баға бойынша жеткізу туралы келісімі

Форвордтық проценттік мөлшерлеме (forward rate) – ұзақ мерзімді облигациялардың күтілетін жиынтық табыстылығын кезеңмен облигацияларды күтілетін жиынтық табыстылығымен теңестіретін болашақ мерзімге болжанған қысқа мерзімді проценттік мөлшерлеме

Франчайзинг – ірі компанияның кіші компанияға өзінің сауда белгісін, технологиясын беру бойынша қызмет түрі

Фундаменталды талдау (Fundamental analysis) – болашақта пайда мен дивиденд алу, кәсіпорынның болашақ проценттік мөлшерлемесі мен тәуекел күту сияқты факторларға тәуелді акция құнын талдау

Фьючерстік баға (future price) – бүгінгі күні бекітілген және фьючерстік келісім-шарт бойынша өтеу мерзімінде төлеу қарастырылатын баға

Фьючерстік келісім-шарт (future contract) – тараптардың нақты активті алдын ала келісілген баға бойынша белгіленген уақыт мерзімінде сатып алуға немесе сатуға міндеттенетін келісім-шарты

Хайринг – 1-3 жылға дейін берілген лизингтің түрі

Халықаралық жоба – жоба барысында дүниежүзілік нарықта қажетті материалдарды пайдаланады

Шарп коэффициенті (Sharpe measure) – портфель тәуекелі үшін сыйақының өзгерімге қатынасының мәні; портфельдің артық табыстылығының портфель табыстылығының стандартты ауытқуына қатынасы

Шетелдік инвестициялар – бұл ҚР территориясындағы кәсіпкерлік қызметтің объектісіне шетел инвесторына тиісті азаматтық құқықтардың, соның ішінде ақша, бағалы

қағаздар, басқа мүлік, интеллектуалды қызметтің, сонымен бірге қызмет пен ақпарат нәтижелеріне ерекше құқықтардың ақшалай бағасына ие мүліктік құқықтар объектісі түрінде шетел капиталын салу

Шығынды (қосымша) табыстылық (excess return) – бағалы қағаздың табыстылығының мөлшерлемесінің тәуекелсіз мөлшерлемеден артуы

Шығынсыздық нүктесін талдау (breakeven point analysis) – халықаралық тәжірибеде кең қолданылады, ол жобаның тәуекелдерін бағалауды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін қарапайым тәсілі және инвестициялық жобалардың тиімділігін бағалау кезінде қолданылатын қаржылық ақпарат элементінің бірі

Шығынсыздықты талдау – өндіріс көлемінің, өзіндік құнның және пайданың өндіріс үдерісінде осы көрсеткіштердің өзгеруі кезіндегі өзара байланысын зерттеу болып табылады. Шығынсыздықты талдаудың мақсаты – шығын, өндіріс көлемі және пайда арасындағы балансталған қатынасты айқындау; нәтижесінде – шығындардың орнын толтыру үшін қажетті өткізу көлемін табу

Ірі жоба – ортақ мақсатқа біріктірілген, көптеген жобалардан тұрады және жоғары құндылығымен сипатталады

Ішкі инвестиция – берілген елдің территориясында орналасқан объектілерге қаражаттарды салу

Экономикалық пайда (economic earnings) – кәсіпорынның өндірістік мүмкіндіктері өзгеріссіз қалған жағдайда да төлей алатын нақты ақша ағымы

Экономикалық цикл (business cycle) – экономикадағы қайталанатын құлдырау мен көркею кезеңдері

ҚЫСҚАРТЫЛҒАН СӨЗДЕР

АҚ	–	Акционерлік қоғам
АҚШ	–	Америка Құрама Штаттары
АЕК	–	Айлық есептік көрсеткіш
АӨК	–	Аграрлық өнеркәсіптік кешен
ӘКК	–	Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар
БҰҰ	–	Біріккен Ұлттар ұйымы
ҒЗТКӨ	–	Ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық әзірлемелер
ДСҰ	–	Дүниежүзілік сауда ұйымы
ЖІӨ	–	Жалпы ішкі өнім
ЖҰӨ	–	Жалпы ұлттық өнім
ЖШС	–	Жауапкершілігі шектеулі серіктестік
ЖТҚ	–	Жеке тұрғын үй құрылысын
ҚИК	–	Қазақстандық ипотекалық компания
ҚИКБҚ	–	Қазақстандық ипотекалық несиелерге кепілдік беру қоры
ҚҚС	–	Қосылған құн салығы
ҚР	–	Қазақстан Республикасы
ОДҚ	–	Орнықты даму қоры
ҰБХ	–	Ұлттық басқарушы холдингі
ТҚЖБ	–	Қазақстанның Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі
ТМД	–	Тәуелсіз мемлекеттер достастығы
ТЭН	–	Техника-экономикалық негіздеме
ШОК	–	Шағын және орта кәсіпкерлік
ШКС	–	Шағын кәсіпкерлік субъектілері
ЭЫДҰ	–	Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдығы № 415-2 Заңы
2. «Жылжымайтын мүлік ипотекасы туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 23 желтоқсандағы Заңы
3. «Инвестициялар туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 қаңтардағы № 373-ІІ Заңы
4. «Инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 3 ақпандағы № 10 қаулысы
5. «Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2015-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 9 маусымдағы № 627 қаулысы
6. «Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 30 наурыздағы № 2155 Заңы
7. «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. 2018 жылғы 5 қазан
8. «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. 2017 жылғы 31 қаңтар
9. «Қаржы рыногы мен қаржылық ұйымдарды мемлекеттік реттеу және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 шілдедегі № 474-ІІ Заңы
10. «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы ҚР-ның Заңы 2017 жылғы 25 желтоқсандағы № 121-VI Заңы

11. «Шетелдік инвестициялар туралы» 24.12.1994 жылғы Қазақстан Республикасының Заңы
12. «Шетелдік инвестицияларды мемлекеттік қолдау туралы» 27.10.1997 жылғы Қазақстан Республикасының Заңы
13. Асилова А.С. Инвестицияны қаржыландыру және несиелеу. Оқулық. Экономика баспасы, – 2014.
14. Банк ісі. Ұ.М. Искаковтың ред. Оқулық. Алматы. Экономика. – 2013.
15. Бочаров В.В. Инвестиционный менеджмент. Оқу құралы. С-П: «Питер», – 2002.
16. Бузова И.А., Маховикова Г.А. Коммерческая оценка инвестиций. С.-П. «Питер», – 2003.
17. Гендер М.И. Инвестиционный климат стран СНГ // Business central, – 2013.
18. Игошин Н.В. Инвестиции. Организация, управление, финансирование. Учебник для вузов. Екатеринбург: Издательство Уральского университета, – 2016 ж. Оқулық. М., Юнити, – 2012.
19. Инвестиции. Под редакцией Л. И. Юзвович, С.А. Дегтярева, Е. Г. Князевой// Учебник для вузов. Екатеринбург: Издательство Уральского университета, – 2016.
20. Қазақстан қаржы нарығы секторларының өзара іс-қимылы және олардың реттелуі. Адамбекова А.А. Оқулық. Алматы. Экономика. – 2012.
21. Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының индустриалды-инновациялық дамуының 2003-2015 жылдарға арналған стратегиясының ережесі
22. Қазақстан Республикасын индустриалды-инновациялық дамытудың 2015-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 1 тамыздағы № 874 Жарлығы
23. Қазақстан Республикасының «ҚР-сының вексель айналысы туралы» 1997 жылғы 28 сәуірдегі Заңы
24. Қазақстан Республикасының қаржы секторын дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 27 тамыздағы
№ 954 Қаулысы

25. Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму стратегиясы.
26. Марченко Г., Мачульская О. Рейтинг инвестиционной привлекательности Казахстана // Эксперт, – 2014.
27. Дейнеко А.В. Привлечение иностранных инвестиций в экономику Казахстана: состояние и развитие процесса // Капитал, инвестиции, технологии. – 2013. – № 1.
28. Нурланова Н.А., Бейсенбина А.К. Оценка потенциальных инвестиционных возможностей регионов // Капитал, инвестиции, технологии. – 2013. – № 11.
29. Черкасов В.Е. Международные инвестиции. М., «Дело», – 1999 ж.
30. Шарп Уильям Ф., Александер Гордон Дж., Бэйли Джеффри В. Инвестиции. М., «Инфра-М», – 2018 ж.
31. Ұлттық инвестициялық веб-сайт. – [ЭР]. Режим доступа: <http://invest.gov.kz>.
32. <http://www.akorda.kz>
33. <http://www.kase.kz>
34. <http://mf.minfin.kz/>
35. <http://www.nationalbank.kz>
36. <http://www.fin.ru>